

2017

# ДАМУ МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ СКРИНИНГІ

## МОДУЛЬ 13 Оқу құралы

Bettina Schwethelm

UNICEF



НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР. БҰЛ ТАҚЫРЫП БІЗ ҮШІН НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?	3
КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ	4
I. КІРІСПЕ – ДАМУ МОНИТОРИНГІ НЕЛІКТЕН СОНШАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ	5
II. КЕЙБІР АНЫҚТАМАЛАР	6
III. ҮЙГЕ БАРЫП ҚАРАУ КЕЗІНДЕГІ ДАМУ МОНИТОРИНГІ	7
IV. ДАМУ МОНИТОРИНГІН ЖӘНЕ СКРИНИНГІН ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛДАРЫ	14
a) ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІН ҚОЛДАНУМЕН БАЛА ДАМУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	14
b) ДАМУ СКРИНИНГІН ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛДАРЫ	14
c) БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА ЕРТЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТА ӘСЕР ЕТЕТІН ӨЗГЕ ФАКТОРЛАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	16
d) СІЗГЕ РЕСМИ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК	17
V. ЕГЕР БАЛАҒА АУЫТҚУШЫЛЫҚТАР НЕМЕСЕ ДАМУ БӨГЕЛІСТЕРІ ҚАУПІ ТӨНІП ТҰР ДЕП САНАСАҢЫЗ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?	18
VI. ДАМУ БӨГЕЛІСТЕРІН АТА-АНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРМЕН ТАЛҚЫЛАУ	20
VII. БАЛАҒА БАҒАЛАУ ЖАСАЛҒАННАН KEЙІН ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	24
ҚОСЫМШАЛАР	26
Өзін-өзі бағалау	27
Қосымша ресурстар	28
АВТОРЛАРЫ	32

## **НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР. БҰЛ ТАҚЫРЫП БІЗ ҮШІН НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?**

1. Сіз жұмыс жасайтын қоғамға қарай сіздің науқастарыңыз болып табылатын әр 10 баланың 1-2-не шектеулі мүмкіндіктер және/немесе даму ауытқушылықтары қауіп төндіруі мүмкін.
2. Мүмкіндіктері шектеулі және/немесе дамуында ауытқулар бар сәбилерді және кішкентай балаларды ерте анықтау өте маңызды. Мұндай балалар неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым тезірек дамуын демеуге қажет қызметтерді алады. Ал бұл, өз кезегінде, балалар ер жетіп, өркендеп, толық әлеуметтік инклюзия жағдайында бар әлеуетін іске асыру ықтималдығын арттырады.
3. Дамудағы ауытқушылықтар қоршаған ортадан (мысалы, депрессияға шалдыққан тәрбиелеуші, отбасындағы зорлық-зомбылық, балаға қатыгездік көрсету, отбасында өлім орын алуы, жоқшылық және т.б.) туындауы мүмкін екенін есте сақтау қажет.
4. Кейде отбасылар балаларының өзімен жасты басқа балалар сияқты емес, басқаша дамып келе жатқанын әлдеқашан біледі. Басқа жағдайларда отбасылар балаларының дамуында ауытқушылықтар бар екенін ұғынбауы мүмкін. Қалай болғанда да, отбасына ең жақын жүретін және баланы дамыту саласында тиісті дайындықтан өткен және кәсіби тәжірибесі бар кәсіпқой маман ретінде отбасымен осы маңызды тақырыпты талқылау қажет.
5. Отбасына жағдайды түсінуге көмектесуде, ресми бағалау және ерте араласу шараларын жүзеге асыратын қызметтермен байланыстар орнатуда, тиісті қамсыздандыру мекемелерінде олардың мүдделерін қорғауда, оларды тыңдау және стрессті жеңуге қатысты кеңестер беру үшін жанынан табылуға дайын болуда және ең маңыздысы, ата-аналардың балаларының қажеттіліктеріне бейімделуге үнемі даяр болуына және ата-ана мен бала арасында қамқор қарым-қатынастар орнатуға септесуде басты рөл сізге тиесілі.
6. Отбасыларға тиімді қолдау көрсету үшін сізге үйге барып қарау кезінде кіші жастағы балалардың дамуына мониторинг жүргізу дағдыларын игеру қажет. Егер дағды әдетке айналса, сіз, сондай-ақ, ара-тұра ата-аналардың қатысуымен даму скринингі құралдарын да қолдана аласыз.
7. Отбасыларға скрининг пен бағалау мәні неде екенін түсінуге көмектесу үшін сізге осы рәсімдермен таныс болу қажет.

8. Ата-аналармен және отбасылармен баласы даму бөгелістеріне қатысты ресми бағалауға мұқтаж болуы мүмкін екені туралы мәселені талқылау аса шетін мәселе болуы мүмкін және отбасылар қажет етуі мүмкін қолдауды көрсету үшін сіздің кәсіби тіл табысу дағдыларыңыз және жанашырлық таныта білуіңіз тиіс.

9. Бала ерте араласу қызметтерін ала бастағанда, баламен және отбасымен жұмыс жасаудағы сіздің рөлінің тоқтамайды. **Отбасы бұрынғыша қолдауыңызға мұқтаж болуы мүмкін және сіз бала мен отбасы айналасындағы кәсіби команданың өте маңызды және құнды мүшесі болып қала бересіз.**

10. Әрі, ең соңғысы, **отбасыларға сәтті шыққан істеріне және жетістіктеріне қуануына, үміттерін үзбеуге және баласынан ләззат алуға көмектесуді ұмытпаңыз.**

## КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Осы модульды аяқтаған соң:**

- Сіз даму мониторингі, скринингі және бағалау құрамына не кіретінін түсінетін боласыз.
- Сіз мониторинг сатылары және құралдары сияқты ұғымдарды түсінетін боласыз.
- Отбасыларға мерзімді скринингтің және толық бағалаудың құрамына не кіретінін түсіндіре аласыз.
- Отбасы дамуында ауытқушылықтар бар баласының жетілуіне қалай көмектесе алатыны туралы негізгі кеңестер бере аласыз және қолдау көрсете аласыз.
- Сіз бала ерте араласу қызметтерін ала бастағанда, отбасы мен бала өміріндегі өзіңіздің тұрақты рөліңізді түсінетін боласыз.

## I. КІРІСПЕ – ДАМУ МОНИТОРИНГІ НЕЛІКТЕН СОНШАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Кіші жастағы балалар өмірінің алғашқы жылдары ең жылдам дамиды, бірақ бізге балалар түрлі жылдамдықпен дамитыны көбірек мәлім. Бір жастағы баланың белгілі бір сөздік қоры болады, ал екіншісі тек ым-ишараның көмегімен ғана тілдесіп, бірақ, екі жасында кенеттен толық сөйлемдермен сөйлесе бастайды. Бір балалар 10-11 айлығында жүре бастаса, олардың көптеген құрдастары әлі еңбектеп жүреді.

Кейде шектеулі мүмкіндіктер немесе даму ауытқушылықтары көзге айқын көрінеді. Мұндай жағдайда патронаж қызметкері ретіндегі жұмысыңыздың маңызды бөлігі болып кіші жастағы балалардың ресми бағалаудан өтуіне және мейлінше тезірек араласу шаралары түрінде көмек ала бастауына қол жеткізу табылады. Бұл – дамуы өзгеше балалардың аман-саулығын және әлеуметтік инклюзиясын кепілдендірудің маңызды шарттарының бірі.

Өзге жағдайларда сіз өзіңіз байқағаныңыз немесе ата-аналар сізге айтқаны даму ауытқушылығының бастапқы белгісі екеніне сенімді болмауыңыз мүмкін. Бірақ, сіз отбасына қайта келесіз, сол кезде де сенімділік пайда болмаса, онда келесі кездесуді ертерек мерзімге жоспарлаған жөн болар. Балалар ауруханасына сырқаттану немесе өзге қызметтер алуға (мысалы, өсу мониторингі, екпе салу) барғанда, уақыт тығыз, дәрігерлер асығыс, ал балалар өзіне таныс ортадан тыс болатын жағдайға қарағанда, сіз бала тұратын үйде болғанда, бала мен оған қарайтын адам арасындағы қарым-қатынасты асықпай бақылауға, сонымен қатар, ата-аналардың баласының даму саласындағы жетістіктері туралы және оларды толғандыратын сәттер туралы әңгімесін тыңдауға мүмкіндігіңіз болады. Баланың мінез-құлқындағы немесе әлеуметтік-эмоциялық дамуында қандай да бір ауытқушылықтарды және/немесе бөгелістерді бірінші болып байқайтын сіз бола аласыз.



Үйге барып қарау сізге, патронаж қызметкері ретінде, баланың дамуын бақылауға, оған көмектесуге және бала мен отбасының ерекше жағдайын және қажеттіліктерін ескере отырып мониторинг жүргізуге бірегей мүмкіндік беріледі.

## II. КЕЙБІР АНЫҚТАМАЛАР



### Анықтамалар

- **Даму мониторингі.** Бұл – бала жалпы және нақты даму салаларында, яғни, ірі және ұсақ моторика (қимыл-қозғалыс), танымдық, тілдік, әлеуметтік-эмоциялық дағдылар, сонымен қатар, өз-өзіне көмектесу және өз-өзін реттеу дағдылары тұрғысынан ілгері қалай жүріп жатқанын бақылаудан тұратын, үздіксіз, үйге барып қараған сайын жүзеге асырылатын әрекет. Тізім түрінде көрсетілген даму кезеңдері патронаж қызметкеріне баланың даму үдерісі балалардың көпшілігінің даму жолынан ауытқығанын анықтауға көмектесетін құрал береді.
- **Даму кезеңдері** – атқарымдық дағдылар немесе белгілі жас шамасына сай тапсырмалар, бала оларды орындай алу қабілетін алғаш рет көрсетеді. Даму кезеңдері деп бала ата-анасына алғаш рет күлімсіреген, алғашқы қадамын жасаған, алғаш рет «ә-ке» деген сәттері аталады. Балалар өздеріне тән ерекше қарқынымен дамиды. Нәтижесінде бала қандай да бір жаңа дағдысын қашан көрсететінін алдын-ала болжау қиынға соғады. Дегенмен, даму кезеңдері бала құрдастарымен салыстырғанда, дамудың қай сатысында екені және келесі жолы қандай мінез-құлық түрлерін және дағдыларды көрсететіні туралы жалпы көрініс береді. Даму кезеңдерін қолданумен даму және мінез-құлық скринингін жүргізу даму ауытқушылықтарын немесе бөгелістерін ертеу анықтауда маңызды рөл атқарады және нәтижесінде балаларға дамуына көмектесу үшін қосымша қолдау және араласу шараларын ұсыну болуы мүмкін.
- **Даму скринингі.** Даму және/немесе мінез-құлық скринингін жүргізудің стандартталған және сенімді құралын пайдаланумен нақты жас шамасында жүзеге асырылатын бір реттік немесе көп реттік әрекет болуы мүмкін. Скрининг құралдары түрлі даму салалары (ірі және ұсақ моторика, тілдік, танымдық, әлеуметтік, эмоциялық, күнделікті тіршілік ету және өз-өзін реттеу) туралы сұрақтарды қамтитын зерттеу нәтижелеріне негізделген ресми құралдар болып табылады. **Скрининг құралдарының көмегімен диагноз қоюға болмайды**, бірақ, олар балалар дұрыс дамып келе жатқанын/жатпағанын немесе оларға қатысты бір аландаушылық бар екенін, сондықтан, ресми бағалау жүргізу керек екенін көрсетеді. Кейбір елдерде скрининг белгілі бір жаста (АҚШ: 9, 18 және 30-36 айда, Ұлыбритания: нәрестелер, 1-2 аптада, 6-8 аптада, 12 айда және 24-30 айда) жүргізіледі және нәтижелері белгілі бір топтарға және/немесе географиялық аймақтар үшін бағдарламалар қызметін жетілдіру үшін немесе 2 ½ - 3 жаста балалардың мектепке дейінгі балалар мекемесіне дайындығын тексеру үшін пайдаланыла алады.

- **Бағалау немесе дамуды бағалау.** Бұл – баланың оңтайлы дамуына септесу үшін ерте араласу шаралары арқылы көбінесе диагноз қою және қолдау көрсетудің мейлінше лайықты жүйесін жасап шығару және жоспарлау мақсатында нақты даму салалары тұрғысынан баланың мықты және әлсіз тұстарын анықтау үшін балаға кешенді бағалау жүргізу.

### III. ҮЙГЕ БАРЫП ҚАРАУ КЕЗІНДЕГІ ДАМУ МОНИТОРИНГІ

Туылғаннан бастап, 2 жасқа толғанға дейін бала физикалық тұрғыдан өсу мен дамудың маңызды кезеңдерінен өтеді. Осы бейнематериалда негізгі даму кезеңдері атап көрсетіледі, патронаж қызметкері ретінде сізде және ата-аналарда туындауы мүмкін алаңдаушылыққа қатысты ұсыныс-кеңестер беріледі.

Баланың дамуына мониторинг жүргізу және «алдын алу ұсыныс-кеңестері», яғни, ата-аналарға баланың даму барысында әрі қарай не болатынын және әрі қарайғы даму қадамдарына септесуде ата-аналар қандай рөл ойнайтынын түсінуге көмектесу – үйге барып қарау кезінде жасайтын жұмысыңыз. Осының барлығын бала мен ата-ана үшін таныс ортада жасаған дұрыс.

Зерттеулер нәтижелерінен бізге баланың денсаулығы мен дамуы арасында тығыз өзара байланыс бар екені белгілі. Үйге барып қарау және медициналық мекемелерге бару баланың дамуына әсер етуі мүмкін медициналық жағдайлар немесе дұрыс тамақтанбау (соның ішінде, артық салмақ және семіздік) немесе құнарлы микроэлементтер жетспеушілігі сияқты денсаулыққа қатысты қауіп-қатер факторларын анықтауда көмектесе алады. Үйге барып қарау кезінде сіз де бала әртүрлі даму салаларында қалай әрекет ететіне, сонымен қатар, баланың ең жақын және одан алыстау ортасындағы қауіп-қатер факторларына және қорғаушы факторларға (мысалы, қоғамдық қызметтердің бар-жоғына) қарайтын боласыз. Ата-аналармен қарым-қатынасыңыз және сіз оларға қоятын сұрақтарыңыз, олардың баламен қарым-қатынасын бақылау, сонымен қатар, олардың сіз беретін ұсыныстарыңызға көзқарасы сізге баланың қандай жетістіктерге жетіп жатқанын көруге мүмкіндік береді.



**Үйге барып қарау кезінде бала дамуына мониторинг жүргізу үшін сіз жасай алатын негізгі қадамдар осындай:**

1. **Баланың дамуы туралы сөз еткенде, ата-анаға нені меңзеп тұрғаныңызды түсіндіріңіз** – сізге тілдің дамуы және тілдесу, танымдық даму, моториканың дамуы, әлеуметтік-эмоциялық даму, өз-өзін реттеу, ойнау және өз-өзіне көмектесу дағдылары сияқты түрлі даму элементтерін түсіндіру қажет болуы мүмкін. Көбінесе

ата-аналар «даму» және «өсу» терминдерін бір ұғым деп санайды. Сіздің оларға даму салалары деген не екенін және барлық салаларды есепке алу қажет екенін түсіндіру керек. Түрлі даму салалары өзара байланысты болып табылатынына қарамастан, баланың бойында тек бір (мысалы, сал ауруына шалыдққан баланың моторика дағдылары) немесе бірнешеуінде ғана ауытқушылық байқалуы мүмкін.

- 2. Ата-аналарды не алаңдататынын анықтап біліңіз** – ата-аналардың баланың дамуына қатысты алаңдаушылығы даму мониторингының ең маңызды элементі болып табылады. Балаларына қамқорлық көрсететін басты адамдар бола отырып, балаларын олардан жақсы білетін ешкім жоқ және сіз оларға үрейлерімен бөлісу мүмкіндігін бере отырып, олардан құны жетпес ақпарат ала аласыз. Сіз келесідей ашық сұрақ қоя аласыз: *«Баланың дамуы туралы сөз қозғалғанда, мен балаңызды қалай тілдесетінін, түсінетінін, әңгімелейтінін, ойнайтынын, көретінін, еститінін, қозғалатынын, үйренетінін және өзі үшін не істейтінін білгім келеді. Балаңыздың осы салалардың қайсысында болсын даму барысы алаңдатпай ма?»*. Баланы тәрбиелеушінің алаңдаушылығын тудыратын тұстарды білу сіз үшін баланың дамуына мониторинг жүргізуге және ата-аналарды кері байланыспен қамтамасыз етуге жол ашатын маңызды қадам болып табылады. Осы сұраққа алынған жауаптар да сізге ата-ананың баласының даму үдерісін қалай қабылдайтынын түсінуге көмектеседі. Бірақ, айта кеткен жөн, осы сұрақ аса маңызды жолашар болса да, алаңдаушылығын білдіре алмайтын немесе баланың бойында болуы мүмкін даму ауытқушылықтарын түсінбеуі мүмкін күтім көрсетушілер болады. Оған қоса, ана мен әкенің пікірі қарама-қайшы болуы мүмкін, сондықтан, ортақ пікірге келіп, әрі қарай қалай әрекет етуге қатысты келісіп алу маңызды.
- 3. Мониторинг жүргізіңіз, экспрессивті (бейнелі) және рецептивті (түсіну) тілді дамытуға септесіңіз.** Тіл дамуындағы бөгелістер ең жиі кездесетін және даму ауытқушылықтарының ең бірінші белгілері болып табылады. Үйге барып қарау сізге баланың тілдесуге деген ниеті және тілдесу тәсілі (ым-ишара, дыбыс, сөз) туралы ақпарат алу мүмкіндігіне ие боласыз. Сіз тілдік дағдыларды ынталандыруға бағытталған тәрбиелеушілердің әрекеттерін бақылай аласыз және оларды құптай аласыз. Сіз, сондай-ақ, тәрбиелеушілерге баланың тілдік ортасын қалай байытуға болатынын көрсете аласыз. Сіз бала мен ата-ана қарым-қатынасының маңыздылығын және телебағдарламалар мен компьютерлік ойындар баланың ерте балалық шақта дамуына кедергі келтіретінін түсіндіре аласыз. Ата-аналарды балаларына алты ай толғанға дейін сөйлесуге, оларға суреттер көрсетуге және кітап оқуға итермелеу қажет. Сіз сәбилерге лайықты және жергілікті мекеннен табуға болатын балаларға арналған кітаптардың тізімін дайындап, ата-аналарға бере аласыз.
- 4. Қимыл-қозғалыс мониторингін жүргізіңіз және демеу білдіріңіз.** Сіз бала қол-аяғын, денесін (ірі моторика) және білегі мен саусақтарын (ұсақ моторика) қалай пайдаланатынын, мысалы, баланы жамылғының үстіне жатқызып, қимыл-қозғалыстарын бақылай аласыз. Егер қимыл-қозғалысқа қатысты қандай да бір



қиындықтар болса, бұлшық ет тонусы төмен не жоғары екенін анықтау үшін баланы тексеріп шыға аласыз. Егер қимыз-қозғалыс қабілетінде бөгелістер және/немесе неврологиялық мәселелерден көрініс беретін белгілер болса, баланы дереу маманға жіберу қажет. Баланы тәрбиелеушілермен бірге үйде және үйден тыс қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін зерттеңіз және қолдау көрсетіңіз.

**5. Баланың өз эмоцияларын басқару қабілетіне мониторинг жүргізіңіз және демеу білдіріңіз.** Баланың әлеуметтік және эмоциялық дамуының маңызды белгісі өз эмоцияларын жалпы және, әсіресе, жабырқаулы немесе ренжулі күйінде басқару қабілеті болып табылады. Үйге барып қарау сізге баланың өз эмоцияларын басқару қабілетін және ата-анасының осы үдеріске қалай қолдау көрсететінін бақылауға көп мүмкіндік береді. Сіз көңіл қуантар мысалдарды байқап, көрсетіп бере аласыз, себебі, осы маңызды даму бөлігі ата-аналардың назарынан тыс қалады. Мысалы: «Ренжіп қалғаннан кейін қалай жақсы тынышталатынына қараңыздар. Сіздің әрекеттеріңіз шынымен көмектесті» деуге болады.

**6. Баланың қалай қарым-қатынас орнататынына мониторинг жүргізіңіз.** Қарым-қатынас орнату баланың өзгелермен өзара әрекеттестікті және тұлғааралық қарым-қатынастарды қалай бастайтыны болып табылады. Баланың адам көзіне қалай қарайтынына, эмоцияларын білдіретініне, өзге адамдармен өзара әрекеттестікті қалай жүзеге асыратынына және ата-анасымен, өзге отбасы мүшелерімен және бейтаныс адамдармен (сізбен немесе басқа қызметкерлермен) қарым-қатынасқа қалай түсетініне бақылау жүргізіңіз. Баланың жансыз заттарға, мысалы, ойыншықтарға және басқа да бұйымдарға қалай қарайтыны да маңызды. Көзбен терең, ұзақ байланыс орнатпау, өзара әрекеттестікті және бірлескен ойынды алып кете алмау, «бірлескен зейіннің» жоқтығы (яғни, сәби немесе кішкентай бала басқа адамдардың істеп жатқан ісіне немесе өзінің іздеген нысанына қызығушылығын жоғалтуы) маңызды бақылау нәтижелері бола алады, мұндай нәтижелер негізінде баланы әрі қарайғы бақылауға жіберу қажет болуы мүмкін. Қарым-қатынас орнатуға талпынбау аутизмнен туындауы мүмкін, аутизм кең таралған және 100 баланың ішінде шамамен бір балада кездеседі. Мұның себебі бауыр басуға қатысты қиындықтар немесе баланы қараусыз қалдыру немесе қатыгездік көрсету сияқты күшті стресс тудыратын факторлар да болуы мүмкін. Егер қауіптенсеңіз, баланы дереу бағалаудан өтуге жіберу керек. Баланың қарым-қатынас орнатуға ниетін арттыру үшін сіз жасай алатын әрекеттерге жататындар:

- Алаңдаушылығыңызды ата-анамен талқылау
- Балаға қарамау немесе қатыгездік көрсету белгілері бар-жоғын тексеру
- Баланың ата-анасымен, оған күтім көрсететін басқа адамдармен және отбасы мүшелерімен қанша уақыт өткізетінін көру және сапалы өзара әрекеттестік және әлеуметтік ойын санын қалай арттыруға болатынын қарастыру

- Отбасы мамандарға бару туралы кеңесті орындайтынына және баланы бағалаудан өткізуге кеңес берілсе, сондай бағалаудан өткізетініне көз жеткізу.

- 7. Ойын және өзара қатынасқа мониторинг жүргізіңіз.** Отбасылар әлеуметтік ойынның балаларының дамуына қаншалықты маңызды екенін түсінбеуі мүмкін. Отбасына түсіндіріңіз: «ойын – шындығында баланың жұмысы» (**Бала тәрбиелеу өнері – сүй, сөйлес, ойна, оқы** модулін де қараңыз). Оған әлеуметтік-эмоциялық даму, танымдық даму, тіл игеру, моториканы және өз-өзін реттеуді дамыту сияқты барлық даму салаларында дағдыларды жасап шығару кіреді. Баланың ойыны туралы көбірек білу үшін ата-анадан/тәрбиелеушіден баланың күнделікті не істейтінін сұраңыз: рахаттану үшін не істейтінін анықтаңыз; бала және отбасы мүшелері қандай ойыншықтармен ойнайтынын және баламен кім ойнайтынын қараңыз. Баланың даму деңгейіне және отбасына ұнайтын істерге қарай сіздің ойыңызша бөгейлік бар немесе теріс әсерге шалдығатын даму салаларындағы жағдайды жақсарту алатын жаңа істер ұсыныңыз. Егер отбасы араласу шаралары бағдарламасына қатысып жүрген болса, оның қалай өтетінін сұраңыз және көңілді ойындарды және өзара рахаттануды күнделікті жаттығуларға қалай кіріктіруге болатынын қараңыз.
- 8. Қорғаушы факторларға, соның ішінде, тәрбиелеушілер көрсететін қолдау түріне мониторинг жүргізіңіз.** Бала мен ата-ана/тәрбиелеуші арасындағы өзара әрекеттестікті бақылаңыз. Өзара әрекеттестік жылы және қамқор ма, әлде шиеленісті және дүрдараз ба? Ата-аналар баласы және оның дамуы туралы қалай әңгімелейді? Ана басқалардан қолдау көре ме? Әкенің рөлі қандай? Бала күтіміне және дамуына қатысатын өзге тәрбиелеушілер бар ма? Үйдегі және тысқары ортадағы қорғаныс факторларын білу сізге отбасының баланың дамуын демеуге бағытталған еңбегіне мақтау жаудыру мүмкіндігін де береді. Кәсіби тәжірибеңізді пайдаланыңыз және тағы не істеуге болатыны туралы кеңестер, сонымен қатар, келесі даму кезеңдеріне жетуге арналған алдын алушы ұсыныс-кеңестер беріңіз.
- 9. Даму үдерісіне қауіп төндіретін қауіп-қатер факторларына мониторинг жүргізіңіз.** Сіздің ата/анамен немесе тәрбиелеушілермен қарым-қатынасыңыз баланың дамуына әсер ететін өзге факторларды, мысалы, ата-аналардың аман-саулығын (ана немесе әке депрессиясы, аландаушылығы және т.б.) – (**Ата-аналардың аман-саулығы модулін қараңыз**), отбасындағы физикалық немесе психикалық денсаулығындағы мәселелерді, қаржылық қиындықтарды, ішімдік немесе есірткі қолдану немесе отбасында зорлық-зомбылық көрсету жағдайларын, сонымен қатар, үйдегі орта қамтамасыз ететін даму мүмкіндіктерін де талқылау мүмкіндігін тудыра алады. Тиісінше ынталандырмау өздігінен немесе жоғарыда аталған кез-келген факторлармен бірге даму үдерісіне қауіп тудыра алады. Сіз ата-аналарды жанашырлықпен тыңдауға дайындығыңызбен, олар қол жеткізе алатын ресурстар мен қызметтер ұсына отырып, аталған факторлардың балаға тигізетін әсерін мейлінше азайту қажеттілігін ерекше атап өту арқылы ата-анаға және отбасыға

қолдау көрсете аласыз. Оған қоса, баланы дамыту үшін қымбат ойыншық алу міндетті емес екенін айта аласыз және отбасына үйде бар заттарды және істер ойынға пайдалануға көмектесе аласыз.

**10. Отбасы қолданатын қауіп-қатер факторларын мейлінше азайту стратегияларына, қосымша қызметтерге мұқтаждыққа және әрі қарайғы әрекеттер жоспарын жасауға мониторинг жүргізіңіз.** Егер баланың мүмкіндіктері шектеулі болса немесе дамуында айқын бөгеліс болса, осындай қатер факторларын жоюдың тиімді стратегияларын табуға көмектесу үшін отбасымен бірге жұмыс жасау керек. Ол үшін сізге жергілікті қоғамда бар және отбасы мен балаға пайдалы болуы мүмкін ресурстар туралы білу қажет, сонымен қатар, қажет болса, баланы маманға жіберу керек. Баланың дамуын демеу жоспары жасалғаннан кейін, жоспардың орындалуына мониторинг жүргізу және қосымша қолдауға мұқтаждықты бағау мүмкіндігі болуы үшін келесі келгенде отбасымен жұмыс жасауды жалғастыру маңызды. Егер отбасы осындай қызметтерді алу кезінде немесе жаңа қызмет көрсетушілермен жұмыс жасау кезінде қиындықтарға тап болса, сіз отбасының құқықтарын қорғаушы ретінде әрекет ете аласыз.



### **Нақты жағдай**

Сіздің клиенттеріңіздің қатары жаңа отбасымен толықты – кішкентай екі қыздары бар жалғыз басты ана. Ана – орта тап өкілі, жақында күйеуімен ажырасқан және сіз жұмыс жасайтын ауданған көшіп келген. Үлкен қызы – 4 жаста. Ол – дені сау, бақытты және өте белсенді кішкентай қыз. Кішісі – 11 айлық. Ана – әлі жүктілік демалысында, бірақ, кіші қызы бір жасқа тола сала, жұмысқа оралуына тура келетінін ойласа, стресс алқымынан алады. Кіші қыз құрсақішілік даму бөгелісімен шала туылған, бірақ, анасының пікірінше, жақсы дамып келеді. Ана – өте қамқор, бірақ, көмектесетін ешкімі жоқ.

Сіз кішкентай қыз әлі еңбектей алмайтынын және сенімді отыра алмайтынын байқайсыз. Анасы қыздың өте сабырлы екенін, көп ұйықтайтынын, көнбіс және өзін қоршаған ортаға қызығушылық білдірмейтінін айтады. Ол қызының мінезі салмақты деп санайды және соған қуанады. Оған кіші қызы үлкен әпкесі сияқты белсенді және талапшыл болса, жағдай қандай болуы мүмкін екені қызықты.



### **Ойланып, талқылаңыз**

Төменде көрсетілген қадамдарды пайдалана отырып, не байқағаныңызды және естігеніңізді, тағы нені анықтап білуіңіз керек еді, тексеріңіз.

**Қадам**

**Байқағаныңыз**

**Тағы не білгіңіз келеді?**

**Ананың**

**алаңдаушылығы**

<b>Экспрессивті (бейнелі) және рецептивті (түсіну) тіл</b>		
<b>Моториканың дамуы</b>		
<b>Эмоцияларды басқару</b>		
<b>Қарым-қатынас орнату</b>		
<b>Ойын және өзара қатынасу</b>		
<b>Қорғаныс факторлары</b>		
<b>Қауіп-қатер факторлары</b>		
<b>Отбасының қауіп-қатерлерді мейлінше азайту стратегиясы</b>		
<b>Қосымша қызметтерге мұқтаждық</b>		

Кейбір идеялар:

<b>Қадам</b>	<b>Байқағаныңыз</b>	<b>Тағы не білгіңіз келеді?</b>
<b>Ананың алаңдаушылығы</b>	Жұмысқа оралу, бала күтімі, қажеттіліктері әртүрлі 2 балаға қарау	Отбасы және қолдау көрсету торабы, балаға қарай алатын отбасы мүшелерінің немесе достардың болуы
<b>Экспрессивті (бейнелі) және рецептивті (түсіну) тіл</b>	Байқалмаған	Әдеттегі бала күтімін немесе анасымен ойнауды бақылау
<b>Моториканың дамуы</b>	Тіпті құрсақішілік даму бөгелісін қосқанда да, басқа бөгелістер	Ұсақ моторика дағдыларын бақылау
<b>Эмоцияларды басқару</b>	Салмақты және қоршаған ортаға қызықпайтын сияқты	Бала қандай да бір қиындыққа тап болғанда, не істейтінін бақылау (мысалы, қандай да бір тамақ немесе ойыншық қолжетімділік аясынан тыс болғанда)
<b>Қарым-қатынас орнату</b>	Адамдармен және заттармен өзара әрекеттесуге шектеулі түрде қатысу	Бала ойын кезінде және күнделікті күтім көрсету кезінде не істейтінін бақылау және анасынан сұрау

<b>Ойын және өзара қатынасу</b>	Анасы қоршаған ортаға қызығушылығы шектеулі екенін айтады	Күнделікті күтім немесе ойын барысын, сонымен қатар, сәби мен үлкен әпкесінің қарым-қатынасын бақылау
<b>Қорғаныс факторлары</b>	Қамқор және мейірімді ана	Анаға және оның балаларына көмектесе алатын туыстры немесе достары бар ма
<b>Қауіп-қатер факторлары</b>	«Салмақты мінез» баланың түрлі істерге азырақ араластырылуына және оқу-үйрену мүмкіндіктері азаюына себепші болуы мүмкін	Ана баласының даму үдерісін қамшылау қажет екенін түсінбеуі мүмкін. Анасы жұмысына оралғанда, бала қамқор күтімді азырақ алып қалуы мүмкін
<b>Отбасының қауіп-қатерлерді мейлінше азайту стратегиясы</b>		Ананың осы ауданда отбасы немесе достары бар ма? Ол өзін ажырасқаннан кейін қалай сезінеді? Екі қыздың өміріндегі әке рөлі қандай? Мүмкін болса, әкемен кездесу туралы келісіп алыңыз.
<b>Қосымша қызметтерге мұқтаждық</b>		Қызға ресми бағалау жүргізген жөн бе? Үлкенірек қыз мектепке дейінгі мекемеге бара ма? Ана баласымен бірге бара алатын ерте арасу қызметтері немесе ойын топтары бар ма?

## IV. ДАМУ МОНИТОРИНГІН ЖӘНЕ СКРИНИНГІН ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛДАРЫ

### A. ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІН ҚОЛДАНУМЕН БАЛА ДАМУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Әрбір бала бірегей болғандықтан, кішкентай балалардың дамуы әдетте бірқатар алдынала болжауға болатын қадамдардан және кезеңдерден өтеді. Дәл осы тұжырымға негізделіп, бала дамуына мониторинг жүргізу құралдарында даму кезеңдерді қолданылады. Мұндай құралдар бала белгілі бір әрекетті орындай алуы тиіс жас аралығын көрсетіп бере алады және сол жас аралықтарында бала белгілі бір мінез-құлықты көрсетпегенде немесе қандай да бір істерге қатысқысы келмегенде,

алаңдаушылық тудыратын жағдайға нұсқайтын «алаңдататын белгілер» де болады. Оған қоса, кейбір құралдар сізге әрі қарайғы дамуды ынталандыру үшін әрекеттер немесе идеялар ұсына алады.

**Бала дамуына мониторинг жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың (GMCD) көмегімен мониторинг жүргізу.** Бала тәрбиелеушілерге ашық сұрақтар қою арқылы сұхбат жүргізуге арналған осы құрал балалардың дамуына мониторинг жүргізу және қолдау көрсету үшін, сонымен қатар, дамудағы ауытқушылықтарды ерте анықтау және түзеу үшін жасалды. Ол экспрессивті (бейнелі) және рецептивті (түсіну) тілмен, ірі және ұсақ моторика дағдыларымен, әлеуметтік дағдылармен, ойын және өз-өзіне көмектесу дағдыларымен байланысты салаларды өлшейді. Бірқатар елдерде осы жаңа құралдары пайдалануға үйретілген мамандар бар<sup>1</sup>.

## **В. ДАМУ СКРИНИНГІН ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛДАРЫ**

**Ескертпе. Патронаж қызметкерлерінің скрининг құралдарын пайдалануы туралы шешімді мемлекет қабылдайды. Сіз жұмыс жасайтын мемлекетке сай келмейтін тарауларды осы модульден алып тастауға болады.**

Назарыңызға скрининг жүргізуге арналған бірнеше пайдалы құралдарды ұсынамыз. Сіз өз еліңіздегі патронаж қызметкерлері пайдаланатын немесе білгені жөн басқа бірнеше құралдарды қоса аласыз.

**«Жас аралықтары және кезеңдер» анкетасы.** ASQ-3 анкетасында ықтимал бөгелістер анықталады және ол қандай балалар әрі қарайғы бағалауға немесе тұрақты мониторингке мұқтаж екенін анықтауға көмектеседі. Онда бес түрлі сала өлшенеді: тілдесу, ірі моторика, ұсақ моторика, мәселе шешу және тұлғалық-әлеуметтік сала. Анкетаны ата-ана толтырады, оны толтыруға шамамен 15 минут кетеді, содан соң, маман жауаптарға қарай ұпай түрінде баға береді. Анкета 2-60 ай аралығындағы балалар санатын қамтиды. ASQ-3 анкетасы бірнеше тілге аударылған (серб-хорват, грузин, орыс). Қосымша ақпарат алу үшін келесі сайтты қарауға болады: [www.agesandstages.com](http://www.agesandstages.com)

**Piccolo.** Бұл құрал (1-ші Ақпараттық картаны қараңыз) ата-ана баласының дамуына қолдау көрсете алатын көптеген әдістерді, олардың нені маңызды деп санайтынын, басқа адамдардың алдында қысылмай не істей алатынын және баламен қалай дұрыс жасау туралы нені білуі керек екенін қарастырады. Осы құралда қамтылған мінез-құлқ түрлері туралы жасы 10-47 ай болатын баласы бар сіз барып қарайтын кез-келген отбасымен жұмыс жасау кезінде есте сақтау маңызды. Сондай-ақ, Piccolo құралын пайдалану кезінде алынатын ұпай бағалар баланың мектепке дайындығын да болжап бере алатыны анықталды. Piccolo ата-аналардың мінез-құлқын төрт салада қарастырады: **махаббат, елгезектік, ынталандыру және оқыту-үйрету.** Әр сала ата-аналардың 7-8 түрлі мінез-құлқын қамтиды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мүмкіндіктері шектеулі

екені анықталған балаларға қатысты Pиссоlo бойынша жоғары ұпай алған ата-аналардың балалары танымдық және тілдік дамуды жақсырақ нәтижелер көрсеткен.

**Бөбекжай жасындағы балаларда аутизмді анықтауға арналған түрлеріндірілген сұрақтар тізімі – қайта қаралған нұсқа (M-CHAT-R™)** 16-30 айлық балаларда аутистік ауқымдағы бұзылыстар (ААБ) қаупін анықтауға арналған скрининг жүргізудің ғылыми негізделген құралы болып табылады. Құралмен келесі сілтеме арқылы танысып шығуға болады: <https://www.autismspeaks.org/what-autism/diagnosis/mchat>

## С. БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА ЕРТЕ БАЛАЛЫҚ ШАҚТА ӘСЕР ЕТЕТІН ӨЗГЕ ФАКТОРЛАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Даму ауытқушылықтарына ата-ананың психикалық денсаулығы және үйдегі жағдай сияқты бірқатар факторлар себепші болуы мүмкін және кейбір патронаж қызметтері төменде қысқаша сипаттамасы келтірілген құралдарды пайдаланады:

**Ананың аман-саулығы. Босанудан кейінгі депрессияның Эдинбург шәкілі (EPDS)** босанғаннан кейін 6-8 аптадан соң, аналарда босанудан кейін депрессияны анықтауға арналған. Осы қысқа (10 тармақты) өз бетінше толтырылатын құрал бастапқыда жергілікті қоғам деңгейінде әйелдерде босанудан кейін депрессия бар-жоғын анықтауға арналған болатын, дегенмен, ол жүктілік кезінде де және басқа кезеңдерде, сонымен қатар, әкелермен жұмыс жасау үшін де қолданылады. Ол бірнеше тілге аударылған. Шәкіл депрессия белгілерін, соның ішінде, жабырқау, қорқыныш, мазасыздану, өзін-өзі кінәлау және ұйықтауға қатысты қиындықтар сынды тұстарды өлшейді. Бұл құрал, сондай-ақ, әкелермен жұмыс жасау үшін де қолданылады.

**Үйдегі жағдай.** Ең жиі қолданылатын құрал болып **Қоршаған ортаны өлшеу үшін үйде бақылау (НОМЕ)<sup>ii</sup>** табылады. НОМЕ балаларға көрсетілетін күтімнің, қамқорлықтың және ынталандырудың көлемін анықтау үшін үйде пайдаланыла алады. Ол Сербияда, Македонияда, Ресейде және Түркияда қолданылады. Нәрестелерге/бөбекжай жасындағы балаларға арналған НОМЕ тізіміне (IT) алты қосалқы шәкіл кіреді: 1) ата-аналардың елгезектігі, 2) баланы қабылдау, 3) қоршаған ортаны ұйымдастыру, 4) оқу материалдары, 5) ата-аналарды қатыстыру және 6) тәжірибенің сан-алуандылығы. Ол балаға үйде көрсетілетін ынталандыру мен қолдаудың сапасы мен көлемін өлшейді. Басты көңіл үйдегі балаға және отбасылық ортамен байланысты нысандардан және орын алатын оқиғалар мен әрекеттерден ақпарат алушы ретінде баланың рөліне бөлінеді.

Осы құралдарды пайдалану үшін дайындық керек, бірақ олар бірқатар елдерде патронаж қызметкерлерімен қолданылады.



## D. СІЗГЕ РЕСМИ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК


Мүмкіндіктері шектеулі немесе дамуында бөгелістері немесе ауытқушылықтары бар болуы мүмкін балаларға ресми бағалауды әдетте арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар жүргізеді. Көбінесе бағалау рәсімін бірінші болып педиатр бастайды, ол басқа салалармен қоса баланың физикалық денсаулығына баға береді.

Ресми бағалау әдетте кешенді (барлық даму салалары немесе олардың көпшілігі бағаланады) болып табылады және оны өткізуге алаңдаушылық тудыратын айрықша жайттар болуы себепті шақырылған өзге мамандар (аудиолог, офтальмолог, балалардың психикалық денсаулығы жөніндегі маман, физиотерапевт, логопед және т.б.) қатыса алады. Көптеген елдерде маман саны шектеуді болатынын ескере отырып, мұндай бағалау аздаған орталық орындарда, яғни, ел астанасындағы мамандандырылған медициналық мекемелерде, бейүкіметтік ұйымдарда өткізілуі мүмкін. Бағалау маманы немесе ұжымы көбінесе елде немесе аймақта стандартталған және бекітілген құралдарды пайдаланады.

**Бүгінгі таңда бағалау рәсіміне ата-аналарды және/немесе маңызды отбасы мүшелерін қатыстыру озық әдіске айналып барады**, себебі, олар баланың күнделікті өмірде тіршілік ету қабілетін, оның мықты және әлсіз тұстарын, ұрымталдығын және оңтайлы дамуы үшін қажет ететін қолдау шаралары туралы ең жақсы білетін адамдар болып табылады. Отбасын бағалау рәсіміне қатыстыру, яғни, **отбасына бағдарланған рәсім** отбасы мүшелерінің баласына қатысты алаңдаушылықтары, оның болашағына артатын үміттері, сонымен қатар, оларда баланың дамуына көмектесу қабілеті және ниеті дамуға септесетін немесе кедергі келтіретін аса маңызды факторлар болып табылады.

Егер, өкінішке орай, сарапшылар отбасыны бағалау рәсіміне қатыстырмаған болса және отбасының қолына тек оның нәтижелері туралы есеп қана тисе, онда отбасы мүшелері сізді кейбір нәтижелерді және нәтижелердің бала үшін нені білдіретінін және болашақта нені білдіретінін, олар кеңес етілген араласу қызметтеріне қалай қол жеткізе алатынын және, егер бала құқылы болса, жеңілдіктерді және мүгедектерге арналған жәрдемақыны қалай ала алатынын түсіндіріп береді деп үміттенетін болады. Сізге бағалау нәтижелері туралы есеппен танысып шығу және бағалауға қатысқан негізгі маманнан түсіндіріп беруін сұрау қажет.

## V. ЕГЕР БАЛАҒА АУЫТҚУШЫЛЫҚТАР НЕМЕСЕ ДАМУ БӨГЕЛІСТЕРІ ҚАУПІ ТӨНІП ТҮР ДЕП САНАСАҢЫЗ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК



Үйге барып қарау кезінде сіз баланы бақылайсыз, ата-анасын тыңдайсыз және отабсындағы жалпы жағдайды және ата-ананың өз міндеттерін атқару сапасын бағалайсыз.

- Егер бала қалыпты дамып келе жатса, ал үйдегілер оған елгезек және қамқор болса, сіз ата-аналарға жігер беріп, дұрыс тәрбиелеп жатқанын құптап, сондай-ақ, **сақтандырушы ұсыныс-кеңестер**, яғни, баланың дамуында әрі қарай не болатынын және оның денсаулығы мен аман-саулығын қамтамасыз етуді әрі қарай қалай жалғастыру керек екені туралы ақпарат бере аласыз.
- Егер балаға өзіне, отбасына немесе жалпы қоршаған ортасына байланысты даму бөгелісі немесе ауытқушылықтары туындау қаупі төнсе, бірақ, сіз осындай жағдайды кеңестермен немесе қосымша көмекпен түзетуге болады деп санасаңыз, отбасына қосымша әрекет түрлерін ұсына аласыз немесе оларға өз

бетінше қандай да бір қарапайым араласу шараларын қолдануға кеңес бере аласыз.



- Егер даму ауытқушылығы күрделірек болса немесе отбасындағы факторлар үйге барып қарау кезінде көмек көрсету арқылы шешуге болмайтындай тым күрделі болса, отбасыны тиісті мамандарға жіберу керек және қажет болса, мамандарға жіберуден нәтиже шығуын қадағалауыңыз қажет. **Патронаж қызметкерінің жаңа рөлі** және *Өзге секторлармен жұмыс жасау* модульдерінде талқыланғандай, сізге өзге секторлардағы әріптестеріңізбен бірлесіп жұмыс жасай отырып, отбасына негізгі қолдау көрсетуді жалғастыру қажет.

**Әдетте, кіші жастағы бала оның даму барысы немесе мінез-құлқы құрдастарынан 90%-дан артық өзгешеленетін болса, даму бөгелісіне шалдыққа болып саналады.**

Бала даму барысында қандай жетістікке жетсе де, кез-келген жағдайда ата-аналарға, күтім көрсетушілерге және барлық отбасы мүшелеріне **баланың дамуын жақсарту және аман-саулығын арттыру жолдары туралы хабардар етіп отыратын кез-келген мүмкіндікті қалт жібермеңіз**. Тек балаға ғана жіті көңіл бөлмей, оны отбасы және одан да кеңірек қоршаған орта аясында қарастыру керек.

## VI. ДАМУ БӨГЕЛІСТЕРІН АТА-АНАЛАРМЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРМЕН ТАЛҚЫЛАУ

Ата-аналармен және отбасы мүшелерімен бала дамуындағы бөгелістер және/немесе ауытқушылықтар туралы сәтті және тиімді тілдесу сізден айтарлықтай күш-жігерді, дағдыларды және белгілі бір уақыт бойы әрбір ата-ананың көзқарасын және сезімдерін түсінуді талап етеді (**Тілдесу туралы модульді қараңыз**). Ата-аналармен тілдесуге қажет болатын ең маңызды дағдылар болып тыңдай білу және орын алған жағдайға байланысты жанашырлық таныту табылады. Ата-аналармен тілдесу кезінде сізге олардың реакциясын мұқият бақылау, ата-аналардың реакциялары және өзгеше дамитын балаларымен айналысу әдістері әртүрлі болуы мүмкін екенін түсіну қажет. Бірақ, оларға әрдайым жанашырлығыңыз бен түсіністігіңіз керек болады. Есіңізде болсын, ата-аналардың сезімдері және орын алған жағдайды еңсере білу қабілеті уақыт өте келе өзгеруі ықтимал, әрі ата-аналардың реакциясы да өзгеріске ұшырауы мүмкін (**Өзгеше дамитын балалар модулін қараңыз**).

Міне, сіз тап болуыңыз мүмкін әдеттегі жағдайлар:

- **Ата-анаға баласының дамуында бөгеліс болуы мүмкін екенін және оны бағалау жүргізуге жіберу керек екенін қалай хабарлау керек**

Сіз баланың жаңа дағдыларды игеруінде немесе өзгелермен тілдесуінде немесе даму қарқынында біршама бөгелістерді немесе ауытқушылықтарды байқағаныңызды ата-аналарға есту ауыр тиетін болса, естіртудің қандай қажеті бар деген сұрақ тууы мүмкін.

Кейбір жағдайларда осындай үрейлі белгілер жоғалып, даму өзінің қалыпты арнасына түсу мүмкіндігі әрдайым бар. Әрине, бұл әбден мүмкін, бірақ, дәл қазір сізге жағдай дәл солай болатынын беймәлім. «Тірі болсақ, көрерміз» ұстанымы дұрыс шешім емес. Бала өміріндегі әр күн маңызды және оқу мен даму үшін оңтайлы мүмкіндіктерге толы болуы тиіс. Дамуында бөгелістері бар немесе ауытқушылықтың қандай да бір алаңдататын белгілері байқалатын балаларға қосымша оқу-үйрену мүмкіндіктері дәл қазір және дәл осы жерде керек. Бәлкім, ата-аналарға баласына осындай қосымша қолдаудың қалай көрсетуге болатынына қатысты қосымша кәсіби кеңестер керек болып қалар.

Сондықтан, сіздің баланы естен шығармай қолдана алатын оңтайлы әдісіңіз – ата-анаға алаңдаушылығыңызды тудыратын жайттар туралы байыппен хабарлау. Сіз баланың әлемді қалай қабылдайтынын жақсырақ түсіну үшін және оның дамуына септесу үшін қанағаттандыруды қажет ететін нақты қажеттіліктерін анықтау мақсатында оған бағалау жүргізуге кеңес бере аласыз.

Егер әдеттегі күнделікті процедураларға қосымша стратегияларды қоса енгізсе, нәтиже үнемі жақсырақ болатынын түсіндіру маңызды, себебі, аталмыш стратегиялар баланы

үйретуді және оның өзге адамдармен өзара әрекеттестігін жетілдіреді. Сізге, сондай-ақ, ерте диагноз қою бүкіл отбасына ұзақмерзімді оң әсер ете алатыны дәлелденгенін есте сақтау керек: дәл сол сәттен ата-аналардың баласының шектеулі мүмкіндіктеріне психологиялық бейімделуі және үйренісуі басталады, демек, балаға қолдау мен демеу көрсетілетін орта қалыптастырылады.

- **Тиісті мекемелермен жұмыс жасау қиындықтары**

Бұл сіз үшін де, сіз қолдау көрсететін отбасылар үшін де аса қиын мәселе болатын шығар. Әдетте, бағалау жүргізуге ұзын-сонар кезек болады, ата-аналарға көптеген әртүрлі мекемелерге және сарапшыларға (түрлі дәрігерлерге, психологтарға, логопедтерге, физиотерапевтерге және т.с.с) баруға тура келетін шығар. Олар бала мен отбасы туралы бір ақпаратты сан мәрте қайталауға, сарапшылар бір-бірімен жұмыс жасамайтындықтан, жүйесіз және бұлыңғыр түсіндірмелерді тыңдауға тура келіп, нәтижесінде мүлдем шатасып кетуі ғажап емес.

Ең алдымен отбасыларға осындай сарапшылармен байланысқа шығуға көмектесу маңызды. Мұндай қолдауды көрсету үшін сізге сарапшыларға қолжетімділік және өзге секторлармен жұмыс жасау дағдыларыңыз (Өзге секторлармен жұмыс жасау модулін қараңыз) қажет болады. Бағалау рәсімі денсаулық сақтау, білім беру немесе әлеуметтік қамсыздандыру секторларындағы қызметтермен жүзеге асырылуы мүмкін және қызмет түрін таңдау бала бойындағы нақты ауытқушылыққа байланысты болады. Бірқатар елдерде мұндай қызметті бейүкіметтік ұйымдар немесе жеке мамандар да көрсете алуы мүмкін.



**Жергілік қоғамда қандай қызметтер бар екенін, сонымен бірге, қайсысын тек ірі қалаларда немесе жеке меншік секторда ғана алуға болатынын сіз жақсы білгеніңіз дұрыс.**

Оған қоса, ата-аналарға ерте араласу қызметтерін табуда сіздің көмегіңіз қажет болады. Араласу шараларынсыз бағалау жүргізудің мәні жоқ, бірақ, кейде ата-аналарға тек диагноз айтылады және/немесе балаларын мүгедектерге арналған жәрдемақы алу үшін тіркеуге алады, бірақ, әрі қарай не істеу керек екені туралы жақсы кеңестер берілмейді. Бағалау нәтижелерін сәйкес қолдау көрсету шараларымен үйлестіру маңызды, бірақ, біздің елдерде осыған ешбір кедергісіз қол жеткізу мүмкін бола бермейді.

Көптеген ата-аналар сенделу мен күтуді қысқарту үшін жеке меншік қызметтерге өз қалтасынан ақы төлейді. Барлық ата-аналарды сарапшылардан берген нәтижелерін және ұсыныс-кеңестерін түсіндіруін, сонымен қатар, балаға және отбасына жасау қажет әрі қарайғы қадамдарды айтуын сұрауға итермелеу маңызды.

Кейде сіз бұдан бөлек мәселеге тап боласыз. Кейбір сарапшылар ата-ана не үшін қажет екенін түсінбейтін тексерулер, әсіресе, диагностикалық сынақтар тағайындайды. Ата-аналарға осындай сынақтардың нәтижелері қандай қосымша ақпарат бере алатынын

және бала мүддесінде араласу шараларын жоспарлауға қалай әсер ететінін түсінуге көмектесетіндей түсіндірме мәлімет беруін сұратқызу маңызды. Баланың медициналық картасынан немесе ата-аналар туралы құжаттан сіз сынақтардың нәтижелерін және жаңа сынақтар жүргізуге қатысты ұсыныс-кеңестер таба аласыз. Өкінішке орай, араласу шаралары кейінге қалдырылуы мүмкін, себебі, «тағы бірдеңені тексеру керек», ал бұл баланың дамуына септесуге жұмсауға болатын алтын уақытты жоғалтуға алып келеді.

- **Отбасыларға бағалау нәтижелерін түсінуге қалай көмектесуге болады**

Ата-аналармен немесе тәрбиелеушілермен сөйлескенде, оларға бағалау туралы, баланың көрсеткен нәтижелері туралы не білетінін және осыған қатысты не ойлайтынын сұрастыру маңызды. Әңгімені ата-аналарға мәлім тұстардың айналасында өрбіткен дұрыс болады.

Осындайда баланың есімін атап сөйлеңіз, «анау, аналар, мына... балалар» сияқты кез-келген жалпылаушы немесе нұсқаушы есімдіктерді пайдаланудан аулақ болыңыз. Ата-аналар бағалаудың болашақ нәтижелері туралы аз айта алатынын, тіпті мүлдем ештеңе айта алмайтынын білуі тиіс. Даму үдерісін бағалауының басты мақсаты – белгілі бір уақытта баланың оқу-үйрену қабілетіне демеу көрсету мүмкіндігі болуы үшін бала дамуының мықты тұстарын, әрі әлсіздеу тұстарын түсіну.

Сонымен қатар, отбасының қажеттіліктерін түсіну және оған қолдау көрсету маңызды. Отбасы басымдылығы жоғары деп таныған қажеттіліктер сіздің басты назарыңызда болуы тиіс. Зерттеу мәліметтері бойынша отбасының ең айқын көрінетін қажеттіліктерінің бірі – ақпаратқа мұқтаждық. Бағалау және оның нәтижелері туралы ақпараттан бөлек отбасына баланың мінез-құлқымен байланысты мәселелер және баланың қажеттіліктері туралы, сондай-ақ, олар баланың және отбасының өмірінің жалпы сапасына қалай әсер ететіні туралы көп ақпарат керек.

Көп жағдайда бағалау диагноз қоюға немесе мүгедектіктің не даму ауытқушылығының себебін анықтауға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Мұндайда жауап іздеуге көп құнды күш пен ресурс жұмсағанша, баланың дамудағы қажеттіліктері қандай екеніне зейін қоюға көмектесу маңызды болуы мүмкін. Төменде келтірілген жарияланым сізге отбасылармен жұмысыңызда қолдана алатын қосымша ақпарат бере алады.

- **Өзге қажетті ақпарат ұсыну**

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналарының ақпаратқа мұқтаждығы айтарлықтай артады.

Күнделікті олар баласының даму және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты туындайтын жаңа және күтпеген жайттарға тап болады. Оған қоса, баласын тәрбиелеу туралы шешім қабылдай алу үшін және тиісті қызметтер мен бағдарламаларға қол жеткізе алу үшін оларға көп ақпарат қажет. Олардың сұрақтарына бірден жауап бере алмасаңыз, уайымдамаңыз. Мәселені шешу үшін қосымша көмек іздейтініңізді міндетті

түрде айтыңыз. Сондай-ақ, есіңізде болсын, кейде ата-аналарға сіздің өздерін тыңдағаныңыз да жеткілікті.

Есте сақтаңыз, бүгін отбасылар көп ақпаратты Ғаламтордан таба алады, бірақ, кейде сол ақпаратты ой сүзгісінен өткізу және талқылау қажет. Отбасылар «жалған сауықтыру» немесе емдеу уәделеріне сеніп қалуы мүмкін. Егер отбасы сізге сенім артса, сіз оларға көмектесіп, сенімді ақпарат көздерімен байланыстыра аласыз. Ақпарат пен қолдауды дәл сондай қиындықтардан өткен өзге отбасылар немесе мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналарының қауымдастықтары көрсете алады. Егер отбасы осыған дайын болса, басқа бір әріптесіңіз жұмыс істейтін, ұқсас мәселелерге тап болған отбасылармен байланысқа шығу мүмкіндігін талқылаңыз.

## VII БАЛАҒА БАҒАЛАУ ЖАСАЛҒАННАН KEЙІН ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

**Отбасы ерте араласу қызметтерін және өзге қолдау көрсету қызметтерін ала бастағанда да, сіздің отбасындағы рөліңіз аяқталмайды.** Көбінесе осындай қызметтер практик мамандардың кабинетінде, емханаларда немесе денсаулық орталықтарында көрсетіледі, ал отбасына сол жерде үйренгендерін үйде немесе амбулаториялық жағдайда әдеттегі күнделікті істерінде қолдану қажет болады. Осы себепті және жалпы үздіксіз қолдау көрсету үшін оларға сіз қамтамасыз ете алатын тұрақты күтім қажет. Осыған дайындалу үшін сіз жасай алатын істердің арасынан келесілерді атап өтуге болады:

- Егер мүмкін болса, ең дұрысы, сізді кіші жастағы балаға және оның отбасына ерте араласу қызметтерін көрсететін кәсіби мамандар командасына, «бала айналасындағы командаға» шақырады.
- Баланы бағалау нәтижелерін және араласу шараларына қатысты ұсыныс-кеңестерді біліп алыңыз және отбасыларға үйренгендерін әдеттегі күнделікті істеріне кіріктіру жолында кездесетін кедергілерген өтуге қалай көмектесе алатыныңызды ойланыңыз.
- Жергілікті қоғамдағы қандай мекемелер отбасына қолдау көрсету бойынша сәйкес қызметтер көрсететінін анықтаңыз. Олардың араласу шараларына тікелей қатысы болмауы мүмкін, бірақ, ата-аналарға бала күтімінде «демалып алу» немесе үзіліс жасау мүмкіндігін бере алуы, маңызды ресурстарға (арнайы құрал-жабдық және материалдар), бейүкіметтік ұйымдарға немесе ақпарат, ұсыныстар, кеңестер беретін немесе қолдау көрсететін ата-аналар ұйымдарына қолжетімділікті қамтамасыз ете алуы мүмкін.
- Отбасының араласу шараларына қатысуына ықпал ететін тосқауылдардан хабардар болыңыз және үйде жұмыс жасауды жалғастырыңыз, әрі, мүмкін болса, араласу шараларын жүзеге асыратын командаға балама нұсқалар ұсыныңыз.

Отбасыларға барғанда,

- Есіңізде болсын, алғашқы бағалаулардан кейін отбасыларда түсінбеген ақпарат

бойынша сұрақтары немесе жаңа туындаған үрей-қорқыныштары көп болады.

- Отбасылар дайын болғанда, қосымша ақпарат және қолдау көздерін табуға көмектесіңіз. Егер үйіне барғанда олар қандай да бір ақпарат тыңдауға дайын болмаса, келесі жолы тырысып көріңіз. Есте сақтаңыз, ата-анаға және отбасына қосымша қажеттіліктері бар баласын тәрбиелеуге бейімделу қажеттілігінен туындаған көптеген өзгерістерді енгізуге тура келеді.
- Отбасыларға үйренгендері әдеттегі күнделікті істерінде қалай көмектесе алатынын және оларды баланың дамуына септесу үшін қалай қолдануға болатынын көрсетіңіз.
- Ата-аналарға баласының жаттықтырушысы рөліне шырмалып қалмай, әзіл-қалжыңға толы қарым-қатынастан ләззат алуға мүмкіндік пен уақыт табуға және өздерінің, сонымен қатар, өзге отбасы мүшелерінің қажеттіліктерін ескеруге көмектесіңіз.



# ҚОСЫМШАЛАР



### Өзін-өзі бағалау

1. Мониторинг жүргізу кезінде сіз құралды алып, бала осы жас тобындағы балалардан күтілетін мінез-құлық түрін пайдалана алатынын/алмайтынын тексересіз.  
Дұрыс/Бұрыс
2. Әдетте, ата-аналар балаларының дамуына қатты алаңдайды. Сізге оларды тыңдау қажет, бірақ балада бөгеліс бар-жоғын көру үшін жеке кәсіби пікіріңізге сүйенген дұрыс.  
Дұрыс/Бұрыс
3. Дамуды бағалау арнайы біліктілікке ие мамандармен жүргізіледі. Бірақ, оған патронаж қызметкерлері де қатыса алады және қатысуы тиіс. Дұрыс/Бұрыс
4. «Даму» және «өсу» - бір ұғым. Дұрыс/Бұрыс
5. Баланың өз эмоцияларын өзі басқаруы ата-анасы көрсететін көмекке тәуелді емес.  
Дұрыс/Бұрыс
6. Егер сіз балада даму бөгелісі бар-жоғына күмәндансаңыз, ең дұрысы – күте тұру.  
Дұрыс/Бұрыс

## ҚОСЫМША РЕСУРСТАР

**Моториканы дамыту.** Педиатр Лиза Шульман қалыпты дамып келе жатқан нәрестелерден күтілетін моторика саласындағы кезеңдерді көрсетеді – басын ұстай алуан бастап, жүруге дейін, сонымен қатар, педиатрларды бала емханаға барғанда қызықтыратын мәселелер. Ол келесі кезеңге жеткенге дейін бала игеруі тиіс моториканы реттеудің нақты түрлерін түсіндіреді. Д-р Шульман - Альберт Эйнштейн атындағы медицина колледжінде клиникалық педиатрия доценті және Монтефьоре қ. Балалар ауруханасында штаттық педиатр дәрігер. Әрі, ол – Эйнштейн атындағы балаларды бағалау және оңалту орталығында (CERC) аутизм диагностикасы және онымен байланысты бұзылыстарды емдеу бойынша RELATE бағдарламасының директоры.

<https://www.youtube.com/watch?v=G5wWVNYLBVk>

**Тіл мен тілдесу дамуындағы кезеңдер.** Осы, ата-аналарға арналып қоғамдық денсаулық сақтау қызметімен дайындалған бейнесюжетте медицина дәрігері Лиза Шульман қалыпты дамып келе жатқан балаларда болуы тиіс тілдесудің дамуындағы кезеңдерді көрсету үшін нәрестелер және бөбекжай жасындағы балалар туралы бейнематериалдарды қолданады. Сонымен қатар, ол баласының дамуында бөгелістер бар екенінен күмәнданатын ата-аналарға не істеу керек екенін айтады.

<https://www.youtube.com/watch?v=pZSjm0drIGM>

---

<sup>i</sup> Contact Professor Ilgi Ertem for this tool.

<sup>ii</sup> developed by Caldwell, Bradley et al., (Caldwell ; Bradley 1995, 1992, 1989; 1988, 1984, 1979)

### **3-ТАРАУҒА**

Төменде даму мониторингі қандай болуы мүмкін екені көрсетілген бейнесюжетті таба аласыз.

<https://www.youtube.com/watch?v=SBFnO2FCdeE>

### **4-ТАРАУҒА**

Ұлыбритания (2014). *Нені күті керек және қашан?* 0-60 айлық балалар жөніндегі материалдар топтамасында (төмендегі сілтемені қараңыз) шамамен қай жаста мінез-құлықты немесе дағдыларды бақылауға болатыны туралы және ата-аналар баласының дамуын қамшылау үшін не істей алатыны туралы ақпарат қамтылған.

[http://www.foundationyears.org.uk/files/2015/03/4Children\\_ParentsGuide\\_2015\\_WEB.pdf](http://www.foundationyears.org.uk/files/2015/03/4Children_ParentsGuide_2015_WEB.pdf)

- 
- АҚШ-тың Сырқаттануды қадағалау орталығы. *Даму кезеңдері*. Осы материалдар топтамасында балалардың көпшілігі не істейтіні және бағалау қызметін көрсетушіге қашан жүгіну керек екені сипатталады.

[http://www.cdc.gov/ncbddd/actearly/pdf/checklists/all\\_checklists.pdf](http://www.cdc.gov/ncbddd/actearly/pdf/checklists/all_checklists.pdf)

**Баланың дамуындағы қиындықтарды қалай білуге болады/танымдық бейнематериалы Сырқаттануды қадағалау орталығымен ұсынылған.**

*Туылған сәттен бастап, 5 жасқа дейін балаңыз ойнау, үйрену, сөйлеу және әрекет ету салаларында белгілі бір кезеңдерден өтуі тиіс. Осы салалардың қайсысында болмасын бөгеліс орнауы дамуға қатысты қиындықтардың, немесе аутизмнің белгілері болуы мүмкін. Жақсы жаңалық – осындай мәселе неғұрлым ерте анықталса, балаңызға өз әлеуетін толығымен іске асыруға соғұрлым көп көмектесе аласыз. Аутизм сынды даму ауытқушылықтарын ерте анықтау ата-аналар және қызмет көрсетушілер үшін басты талап болып табылады... Түрлі қиындықтарға тап болған балалардың жартысынан кемі (АҚШ-та) балаларға арналған мекемелерге түскенге дейін анықталады. Осы уақыт ішінде бала қиындықтарын жеңуге көмек ала алатын еді және балаларға арналған мекемеге оқу-үйренуге дайын күйінде келер еді.*

<https://www.youtube.com/watch?v=KrUNBfyjIBk>

### **«Жас аралықтары және кезеңдер» анкетасы**

[www.agesandstages.com](http://www.agesandstages.com) .

**Piccolo<sup>®</sup>**. Бұл құрал (31-бет) ата-ана баласының дамуына қолдау көрсете алатын көптеген әдістерді, олардың нені маңызды деп санайтынын, басқа адамдардың алдында қысылмай не істей алатынын және баламен қалай дұрыс жасау туралы нені білуі керек екенін қарастырады. Осы құралда қамтылған мінез-құлық түрлері туралы жасы 10-47 ай болатын баласы бар сіз барып қарайтын кез-келген отбасымен жұмыс жасау кезінде есте сақтау маңызды. Сондай-ақ, Piccolo құралын пайдалану кезінде алынатын ұпай бағалар баланың мектепке дайындығын да болжап бере алатыны анықталды. Piccolo ата-аналардың мінез-құлқын төрт салада қарастырады: **махаббат, елгезектік, ынталандыру және оқыту-үйрету**. Әр сала ата-аналардың 7-8 түрлі мінез-құлқын қамтиды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мүмкіндіктері шектеулі екені анықталған балаларға қатысты Piccolo бойынша жоғары ұпай алған ата-аналардың балалары танымдық және тілдік дамуды жақсырақ нәтижелер көрсеткен.

**Бөбекжай жасындағы балаларда аутизмді анықтауға арналған түрлеріндірілген сұрақтар тізімі – қайта қаралған нұсқа (M-CHAT-R™)**

<https://www.autismspeaks.org/what-autism/diagnosis/mchat>

---

Босанудан кейінгі депрессияның Эдинбург шәкілі

<http://www.psychiatrictimes.com/all/editorial/psychiatrictimes/pdfs/EdinbPostDepScale.pdf>

Қосымша ақпаратты **Ата-аналардың аман-саулығы туралы модульден** қараңыз!

## **7-ТАРАУ**

Осы бейнесюжетте ерте араласу шарасы баланың өміріне және отбасының күнделікті өміріне кіріктірілгенде қандай бола алатыны көрсетіледі.

<https://www.youtube.com/watch?v=8fOJGmIdj0c>



## 29 THINGS PARENTS DO THAT PREDICT SCHOOL READINESS

Below are 29 things parents do with their young children, ages 10-47 months, that predict one or more of the following outcomes when children are old enough to start kindergarten:

Cognitive skills (problem solving, reasoning, science, and math readiness)

Vocabulary (word knowledge, language ability)

Literacy skills (recognizing letters, linking speech sounds to letters, recognizing text)

Social skills (emotion regulation, low rates of aggression)

Our research, on over 4,000 observations of almost 2,000 families, shows that very few parents do all of these things, but all parents do some of these things. And the more parents do these things, the better their children do on school readiness assessments. PICCOLO™ is an observational measure of these behaviors.

1. Speak warmly
2. Smile at child
3. Praise child
4. Stay physically close to child
5. Say positive things to child
6. Interact in positive ways with child
7. Show emotional warmth
8. Pay attention to what child is doing
9. Change activities to meet child's interests or needs
10. Be flexible when child changes interests
11. Follow what child is trying to do
12. Respond to child's emotions
13. Look at child when child talks or makes sounds
14. Reply to child's words or sounds
15. Wait for child's response after making a suggestion
16. Encourage child to do things with toys
17. Support child's choices
18. Help child do things on his or her own
19. Verbally encourage child's efforts
20. Offer suggestions to help child
21. Show enthusiasm about what child does
22. Explain reasons for something to child
23. Suggest activities to build on what child is doing
24. Repeat or expand child's words or sounds
25. Label objects or actions for child
26. Engage in pretend play with child
27. Do activities in a sequence of steps
28. Talk about characteristics of objects
29. Ask child for information

Text adapted by permission from *Parenting Interactions with Children: Checklist of Observations Linked to Outcomes* (PICCOLO™) Tool by Lori A. Roggman, Gina A. Cook, Mark S. Innocent and Vanda Jump Norman, with Katie Christensen. Copyright © 2013 by Paul H. Brookes Publishing Co, Inc. All rights reserved.

**BROOKES**  
PUBLISHING CO.  
[www.brookespublishing.com](http://www.brookespublishing.com)

Find out more about the PICCOLO observational tool!  
Call 1-800-638-3775 or visit [www.brookespublishing.com](http://www.brookespublishing.com)



PICCOLO™ and  are trademarks of Paul H. Brookes Publishing Co, Inc.

## АВТОРЛАРЫ



*Жетекші автор  
Беттина Шветельм,  
маман, кіші жастағы балаларды  
дамыту және денсаулық сақтау  
бөлімшесі*

*ОШЕ мен ТМД елдеріне арналған  
аймақтық ЮНИСЕФ кеңсесі*



*Профессор, доктор Марта Любешич  
Сөйлеу мен тіл кемістігі бөлімшесі  
Танымдық оңалтудағы ерте араласу  
саласындағы аспирантура жетекшісі  
Білім және оңалту ғылымдары  
факультеті  
Загреб Университеті*



*Профессор, доктор Илги Эртем  
Анкара Университеті,  
Медицина факультеті  
Бала денсаулығы мен педиатрия  
бөлімшесі  
Педиатрия және даму кафедрасы*



*Доктор Руна Сринавасан  
Даму саласындағы педиатр,  
Аммид атындағы баланы дамыту  
орталығы, Мумбай*



INTERNATIONAL  
**STEP by STEP**  
ASSOCIATION

unicef 

## МОДУЛЬ 5: ӘКЕЛЕРДІ ҚАТЫСТЫРУ





НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР. ОСЫ ТАҚЫРЫП БІЗ ҮШІН НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?	2
КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ	3
I. КІРІСПЕ: ӘКЕЛЕРДІҢ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	5
II. ӘКЕ ЖӘНЕ ӘКЕЛІК: ӘКЕЛЕРДІҢ АНАЛАРҒА ӘСЕРІ	8
A. ӘКЕЛІКТИҢ ЕР АДАМДАРҒА ӘСЕРІ	8
B. ӘКЕЛЕРДІҢ БОСАНҒАН ӘЙЕЛДЕРГЕ ӘСЕРІ	10
III. ӘКЕЛЕРДІҢ БАЛАЛАРҒА ӘСЕРІ	11
A. ӘКЕЛЕРДІҢ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТА ОҚЫТУҒА ӘСЕРІ	11
B. ӘКЕЛЕР ТАРАПЫНАН БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫ АЗАЙТУ	13
IV. ӘКЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІРДІҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН КӨРІНІСІ	15
V. ОТБАСЫЛАРДА ӘКЕЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕГІ СІЗДІҢ РӨЛІҢІЗ	17
VI. ӘКЕЛЕРДІ ҚАТЫСТЫРУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ	19
VII. ӘКЕЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ	21
ҚОСЫМШАЛАР	23
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ - 1-7-тарауларына	24
БИБЛИОГРАФИЯ	28
АВТОРЛАР	32

## НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР

### ОСЫ ТАҚЫРЫП БІЗ ҮШІН НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?

Әлемде әкелерді олардың кішкентай балаларын тәрбиелеу жұмысына белсендірек қатыстыру үрдісі және сол үрдістерге мемлекеттік саясат және қызметтер көрсету жүйесі саласында қолдау көрсетілетіні байқалады.

1. Әкелер балаларға және аналарға айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ, әкеліктің ер адамдарға тигізетін әсерді де маңызды болып табылады.
2. Егер отбасыларда әкелермен жұмыс жасалмаса, онда балаларға және аналарға

көрсетілетін қызметтер сапасы нашарлайды және олар әлдеқайда күрделі қауіп-қатерлерге шалдығыуы мүмкін.

3. Патронаждық жұмыстың күнделікті тәжірибесіне әкелерді қатыстыру үшін «бүкіл командаға» қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету маңызды.
4. Жекелеген патронаж қызметкерлері әкелердің аналарға көмектесуге және сәбилері мен кішкентай балаларын тәрбиелеуге атсалысуға деген дайындығына маңызды, әрі оң әсер ете алуы мүмкін.



## КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Модуль аяқталған соң, сіз:

- Әкелерді қатыстыру саясат және тәжірибе тұрғысынан неліктен барған сайын маңызды болып бара жатқанын түсіне аласыз
- Әкелердің сәбилерге, балаларға және аналарға тигізетін әсерін, сонымен қатар, әкеліктің ер адамдарға тигізетін әсерін түсіне аласыз
- Ер адамдарды және әкелерді тиімді қатыстыруға кедергі келтіретін кең таралған теріс ұстанымдарды ұғына аласыз
- Көптеген әкелерді «табалдырықтан аттауға» қалай итермелеуге болатынын біле аласыз
- Сіз отбасына келгенде, бөлмеде барлығымен бірге болатын әкелермен қалай тиімді тілдесуді жақсырақ түсіне аласыз
- Әкелер және әкелік туралы қайдан көбірек ақпарат табуға болатынын біле аласыз

“Мектепті ештеңені үйретпейді. Мен әке атанғалы екі жарым жыл болды. Негізі, менің өзім бала сияқтымын, себебі, жасым енді ғана жиырма бірге толды. Әке болу қиын екенін әлі де болса сезінемін, себебі, атқаратын іс тым көп; балаларды дәрігерге апарып тұру керек, сондай-ақ, үйрену қиын істерді жасау керек, адам сенгісіз. Маған да, баланың анасына да баланы тәрбиелеу қиын, өйткені, біз бөлек тұрамыз. Айтқанымдай, мен әлі жаспын, әлі оқып жүрмін, дегенмен, балалы болу - менің өмірімде болған оқиғалардың ішіндегі ең кереметі, осының өзі бәрін айтып тұр». «Салауатты әкелік 2000-2002» жобасы (Шотландия)



## I. КІРІСПЕ: ӘКЕЛЕРДІҢ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

«Әкелердің маңызы зор. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас, жағымды, жағымсыз немесе мүлдем жоқ болса да, бала өмірінің кез-келген кезеңінде және барлық мәдени және этникалық топтарда балаларға терең және елеулі әсер етіп, бүкіл өмір бойына жалғасады. Әкелер, сондай-ақ, аналарға да айталықтай әсер етеді. Бес ер адамның төртеуі әке атанады, әрі олардың барлығы дерлік балаларымен қандай да бір байланыста болады». [ *State of the World's Fathers, Men care* (Әлемдегі әкелердің жағдайы, *Әкелерге бәрібір емес*), 2015)

Сәбилерді және кіші жастағы балаларды дамытуға және аман-саулығын қамтамасыз етуге отбасы мүшелерінің көпшілігі қатысады (мысалы, әжелер, тәтелер, үлкен бауырлары және т.б.) және сізге олардың үйдегі рөлін анықтау және баланың игілігі үшін жүргізілетін жұмысқа қалай қатыстыруға болатынын қарастыру маңызды болады. Бірақ, осы модульде басты көңіл бұған бөлінбейді. Мұнда біз нақты әкеге (немесе бала анасының ер азаматына) басты көңіл бөлеміз, себебі, әкелерді босануалды кезеңінде аналарға қамқорлық көрсетуге, босануға қатысуға және жаңа туылған нәрестеге тікелей қамқорлық көрсетуге қатыстыруға кедергі келтіретін көптеген мәдени және өзге тосқауылдар бар. Дегенмен, ұрпақ жаңарған сайын, бүкіл әлемдегі әкелер үй жұмысын көбірек атқара бастады және кіші жастағы балаларына қамқорлық көрсетуге белсендірек қатысады. Олардың талпыныстары да өзгереді, көпшілігі өз әкелерімен орнаған қарым-қатынастарына қарағанда, балаларымен әлдеқайда тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысады. Осындай үрдістер қалалану және әйелдердің білім алуда және жұмыспен қамту жүйесінде рөлі артқан сайын күшейе беретін сыңайлы. Осылайша, көптеген елдерде саяси күн тәртібіне әкелерге балаларға қарауға қатысуында қолдау көрсетуге қызығушылық білдіру мәселесі енгізіледі, ал бала туылғаннан кейін әкелерге арналған жүктілік демалысы бүкіл әлемдегі саны артып бара жатқан елдерде енгізіліп жатыр.

Сіздерге, патронаж қызметкерлеріне, әкелер әйелдердің денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін, сонымен қатар, ұлдары мен қыздарының білім алуға қолжетімділігін қадағалай алатын барлық отбасылардағы әкелермен жұмыс жасау қажет. Сондықтан, «әкелерді естен шығармау» және отбасымен қайда болсын, қашан болсын, байланыста болмаған күнде де әкелермен жұмыс жасауға тырысу маңызды.



Барлық әкелер басынан бастап-ақ әсер етеді. Әрі, аналардыкі сияқты, мұндай әсер жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Мысалы, әкелері күтім көрсетуге белсенді атсалысатын сәбилер тезірек жетіледі; ал сәби туылған жылы әкелері депрессияда болған балаларда мінез-құлықтық және эмоциялық сипаттағы мәселелері жылдар өтсе де, бой көрсете беруі мүмкін. Бала өмірінің бірінші жылы оған анасының депрессиясының және ана мен бала арасында жеткілікті бауыр баспаудың ұзақмерзімді әсеріне көп көңіл бөлінді. Бүгін қолда бар зерттеулердің


нәтижелері әкелердің нашар психологиялық жағдайы және әке мен бала арасында жеткілікті түрде берік емес бауыр басу ұзақмерзімді зиянды әсерге ие екенін көрсетеді.



Әкелердің тағы бір маңызды рөлі «тәрбиелеушілер командасында» маңызды ойыншы болатынында. Тиімді «бірлесіп тәрбиелеу» қос ата-ана тарапынан саналы қамқорлық көрсету және өзара қолдау көрсету (бастапқыда «бірлесіп тәрбиелеу» ұғымы шаңырағы шайқалған отбасыларға қатысты қолданылған, бірақ, қазір бұл ұғымның қолданыс ауқымы кеңірек) ретінде анықтама берілген. Бірлесіп тәрбиелеудің сапасы бала қол жеткізетін нәтижелерге елеулі әсер етеді. Егер мекемелер тек аналармен ғана жұмыс жасаса, олар отбасының өміршеңдігін жетілдірудің орнына мекемелерге тәуелді етіп қояды. Егер біз баланы бір кісідей тәрбиелеуге сәтті септескіміз келсе, ер адамға да, әйел адамға да баланы бөлек-бөлек тәрбиелейтін ата-ана ретінде қолдау көрсетуді қамтамасыз ету аса маңызды.

Әкемен де, анамен де бірдей жұмыс жасау ананың баласымен қарым-қатынасының сапасын арттырады: «егер қос ата-ана бірдей атсалысатын болса, ата-ананың әрқайсының баласына ықыласы (және баланың оларға бауыр басуы) артады».

Әкелерді үйдің жұмысына және баланы күтуге қатыстыру да әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысынан маңызды, себебі, аналарға үйдің жұмысын орындауға және балаға қарауға көмек көрсетілмесе, қоғамдық өмірге араласуы қиынырақ болады. Толыққанды отбасылардағы аналарға қарағанда жалғыз басты аналардың жұмыспен азырақ қамтылуының негізгі факторларының бірі болып үйде балаға қарау міндеттерін өзара бөлісетін екінші адамның жоқтығы табылады. Әкелері үйдің жұмысын істейтінін және балаларға қарайтынын көріп өскен ұл балалар да үй шаруасына араласу және балаларға қарау ықтималдығы жоғарырақ болады (төмендегі «Әкелердің және тәрбиелеушілердің рөлін үлгілеу: олардың ұл балаларына әсері» 1-суретін қараңыз). Осылайша «қамқорлық көрсетуді ұрпақтан ұрпаққа тарату» жыныстар арасындағы қарым-қатынасты өзгертудің және жыныстық теңсіздікті жоюдың негізгі факторына айналып, ұл балаларға да, қыз балаларға да болашақ мүмкіндіктердің кең ауқымын аша алады. Бағалауларға сәйкес, әкелерге арналған жүктілік демалысы заңмен кепілдендірілген Швецияда әке алатын осындай демалыстың әрбір қосымша айы ана табысын 6,7 %-ға арттырады.



БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясында айқын көрсетілгендей, «әкелерді қатыстырудың» адам құқықтарын сақтау тұрғысынан да негізідемесі бар.

7-бап: Бала туыла сала тіркеуге алынады және туылған сәттен бастап, өзіне есім берілуіне және азаматтық алуға, сонымен қатар, мүмкін болса, өз ата-анасын білуге және олардың өзіне қамқорлық көрсетуіне құқылы.

Осылайша, «қатысушы мемлекеттердің» және олар көрсететін қызметтердің жауапкершілігі әкелерге және аналарға балаларына қамқорлық көрсетуде қолдау көрсетуді қарастырады. Қызметтер көрсету кезінде әкелерді көзге ілмеу немесе баланы бірлесіп тіркеуді жасамау әкелердің қатысуына кедергі келтіреді, нәтижесінде балалардың құқықтарын қорғауды мүмкін емес етеді.




**Орындаңыз және ойланыңыз:** Мүмкіндік болса, жақында әке атанған ер адаммен хабарласыңыз. Егер ондай әке табылмаса, кез-келген басқа әкені таңдаңыз. Оған балаларының біреуі туралы үш сұрақ қойыңыз: 1) Әке атанатыныңызды алғаш естігенде қандай сезімде болдыңыз? 2) Баланың дүниеге келуі сіз үшін қалай өтті? 3) Әке ЕКЕНІҢІЗДІ алғаш рет қашан сезіндіңіз?

Оның жауаптарын ой талқысына салыңыз. Жауаптарда күтпеген тұстар болды ма? Бұрын-соңды әке рөлінде не сезінетіні туралы әке атанған адаммен сөйлесуге тура келіп пе еді?

## II. ӘКЕ ЖӘНЕ ӘКЕЛІК: ӘКЕЛЕРДІҢ АНАЛАРҒА ӘСЕРІ

### A. ӘКЕЛІКТІҢ ЕР АДАМДАРҒА ӘСЕРІ

Бейжай қарамайтын әке балалар мен аналар үшін ғана маңызды емес. Әке болу әкелердің өзіне де оң әсер етеді. Балаларымен байланысы тығыз екенін мәлімдейтін әкелер ұзағырақ өмір сүреді, физикалық және психикалық денсаулығына қатысты қиындықтары азырақ болады, ішімдікке салыну және есірткі қолдану ықтималдығы азырақ болады, олар жұмыста жемістірек және балаларымен тығыз байланысы жоқ әкелерге қарағанда өздерін бақыттырақ сезінетінін жеткізеді.



Ер адамдар әйелімен босануалды кезеңінде мамандарға бірге баруға және босану кезінде жанында болуға барған сайын көбірек қызығушылық білдіріп келеді. Егер ата-аналар арасында өзара келісім болса, олар босануға дайындық дәрістері кезінде жақсы дайындықтан өтеді, анаға босану кезінде қолдау көрсету және баласының туылуын көруге дайын болу әкелер үшін сиқырға толы сәтке айналуы және әке мен жаңа туылған нәресте арасында бауыр басудың орнауына септесуі мүмкін. Босануға қатысу жұптың қарым-қатынасының кейбір тұстарына әсер еткен немесе әке үшін психологиялық зақым келтірген жағдайларда зерттеушілер әкенің босануға қатысуға дейін белгілі бір ұрымтал тұстары болғанын анықтап отырған. Әкелік институтының мәліметтеріне сәйкес, зерттеу нәтижелері әдетте келесілерге нұсқайды:

- Жүктілік кезінде қиындықтар туындау қаупін түсінетін ер адамдар әйелінің сәйкес қызметтерді қолдануын құптайды.
- Байсалды және сүйеніш бола алатын ер азаматы бар аналар әлдеқайда жеңіл босанады.

- Әкенің босануға қатысуы ата-аналардың қарым-қатынастарын нығайта алады.

Бірақ, әкенің босануға қатысуы туралы шешімі ата-ана үшін – жеке сипаттағы мәселе, ал егер сіз баратын отбасыларда осындай таңдау жасау мүмкіндігі болса, осындай шешімнің кейбір тиімді тұстары бар екенін айта аласыз және жұпты қосымша сұрақтарына жауап таба алатын және алаңдауын сейілететін босануға дайындық дәрістеріне бірге жазылуға итермелей аласыз.

Жаңа туылған нәрестелердің әкелері өз өмірін қайта бағамдайды және өздерін душар ететін қауіп-қатерлерді, мысалы, шылым шегу, есірткі қолдану және қылмыс жасау қауіптерін азайтады, сондықтан, осы «оқу-үйрену мүмкіндігін» пайдаланып қалу маңызды.

Ол [әкесі қызы туралы айтып тұр] - [қарақшылықпен қош айтысуымның] басты себебі. Шындығында, мен мұны [әке атануды] соншалық қалаған жоқ едім, бірақ, ол туылғанда, менің көргенімді ешқашан көрмейді деп өзіме уәде бердім». *Dying to be Men*, Barker, 2005 (*Ер азамат болуды жан-тәнімен қалау*, Баркер, 2005)

Әкелер балаларына неғұрлым көбірек қамқорлық көрсеткен сайын, соғұрлым көңілі тоқ және мейірімді бола түседі. Мысалы, әкелер сәбилерін қолына алып, оларға қарауды неғұрлым ерте бастаса, бойларында жылылық, махаббат және қанағат сезімдерінің пайда болғанын соғұрлым ертерек байқайды. Балаға күтім көрсету ер адамдарда (әйелдерде сияқты) ұрпағына қамқор болу және оған бауыр басу сезімінің пайда болуына септесетін мидағы және гормоналдық өзгерістерге алып келеді. Баласын көтеріп тұрған ер адамдарда 15 минуттан кейін төзімділік/сенім (окситоцин), сәбилерге деген ықылас (кортизол) және ұрпақ жалғастыру/емізу/бауыр басу (пролактин) сезімдерімен байланысты гормондардың көтеріңкі деңгейлері байқалады. Болашақ әкелерде және әке атанып үлгерген ер адамдарда бала туылғанға дейін бірнеше апта бұрын басталып, артынан шамамен бір жыл бойы тестостерон деңгейі орта есеппен үштен біріне азаяды.

## **В. ӘКЕЛЕРДІҢ БОСАНҒАН ӘЙЕЛДЕРГЕ ӘСЕРІ**

Ананың ана болуға бейімделуіне оның жұбының әке болуға бейімделуі басқасынан көбірек әсер етеді. Егер баланы тіркеу кезінде әкесінің есімі туу туралы куәлікте аталса, әке тарапынан қолдау көрсетілу ықтималдығы жоғарырақ.

Әкелердің қолдау көрсетуге дайындығы аналарда ата-аналық міндеттерді орындаумен байланысты стресс және депрессия деңгейі төменірек болуына, босану жеңілірек өтуіне және баласын емізуге дайын әйелдер санының көбеюіне алып келеді. Жасөспірімдік жастағы аналар, егер баласының әкесі оларға қолдау көрсетуге дайын болса, өз қадірін



көбірек сезінеді, сәбилеріне қаттырақ бауыр басады, сәбиінен бас тартуға және олардың жазалауға дайын тұруға азырақ бейім болады.

Әкелер аналардың өз денсаулығына қатысты мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Ері әйелінің денсаулығына немқұрайды қарағандармен салыстырғанда, ері немқұрайды қарамайтын шылым шегетін жүкті әйелдер шылым шегуді 36 пайызға қысқартқан. Оған қоса, бүкіл әлемде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде әкелер ананың емізуді бастауына және жалғастыруына қатты әсер ететіні анықталды.

Аналар ата-аналық міндеттерін «вакуумда» атқармайды: олардың балаларымен өзара әрекеттесуіне айналасында не болып жатқаны әсер етеді. Мысалы, әкелердің маскүнемдік сияқты жағымсыз мінез-құлқы әкенің өзінің баласымен және баланың анасымен қарым-қатынасына айтарлықтай теріс әсер етіп қана қоймай, ананың балақаймен өзара әрекеттестігіне де дәл солай әсер етеді: егер әке ішімдікке қатты салынса, *ана мен бала арасындағы бауыр басудың* әлсіз болу мүмкіндігі екі есе көп болады.

Жеке басқа қатысты күрделі мәселелерді қозғайтын емдеу бағдарламаларына әкелерді қатыстыру балалар үшін пайдалы болуы мүмкін: маскүнем әкелер емдеу бағдарламасына қатыса бастағанда, олардың емделіп жүргенінің өзі ғана балаларының жақсырақ бейімделуіне себепші болған; ал әкелері ішкенін толық қойғанда, балаларға қатысты түйіткілді мәселелердің клиникалық тұрғыдан айтарлықтай қысқаруы байқалған.

### III. ӘКЕЛЕРДІҢ БАЛАЛАРҒА ӘСЕРІ



Әкелері өздерімен белсенді айналысатын балалар әлдеқайда елгезек болады; олар жағдайға жақсырақ бейімделеді; балалармен жақсы достық қарым-қатынас орнатады, мінез-құлқына қатысты қындықтар азырақ туындайды және балаларға арналған мекемелерде жақсырақ нәтижелер көрсетеді. Кейінірек полиция назарына ілігу немесе есірткі/ішімдік қолдану ықтималдығы азырақ болады. Бұл әсер, әсіресе, нашар отбасыларда айқын көрінеді. «Жақсы әке» балаларын анасының жайсыз жағдайынан және депрессиясынан «арашалай» алады (Ата-аналардың аман-саулығы туралы модульді де қараңыз). Отбасынан бөлек тұратын, бірақ, балаларымен сүйіспеншілік қарым-қатынасын үзбейтін әкелер де орасан зор пайда әкеледі.

Әрі, керісінше, балаларына аз қызығушылық танытатын әкелер оларға, сонымен бірге, балаларының мектепте жақсы оқу немесе кедейшілік шырғауынан шыға алу ықтималдығына теріс әсер етеді. Балаларымен дұшпандық немесе мазасын алатын қарым-қатынастағы немесе балаға не оның анасына зорлық-зомбылық көрсететін әкелер орасан зор залал келтіреді. Мамандар ана мен баланың «қауіпсіздігі қамтамасыз етілгеннен» кейін әкелерге мән бермеуге бет бұруы мүмкін. Бірақ, бұл дұрыс емес. Ондай ер адамдарды балалармен жасалатын жұмысқа мейлінше қатыстыру және алдарына түрлі міндеттер қою керек. Олардың балаларымен маңызды қарым-қатынастар орната алуы үшін барлық қабілеттерін және мықты қасиеттерін анықтау және көрсетуіне септесу керек.

#### **A. ӘКЕЛЕРДІҢ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТА ОҚЫТУҒА ӘСЕРІ**

Сауаттылық - өмірде табысты болу тікелей тәуелді болып табылатын дағды. Сауаттылық баланың үйінде, ерте балалық шағында, ата-аналар тіпті ең кішкентай балақайларға кітапшалар немесе суреттер көрсеткенде, сәбимен және бір-бірімен ауызша және мәнерлі өзара әрекеттесе отырып, басталады (Ата-ана болу өнері туралы модульді қараңыз). *Бала туылған айдан кейінгі айдан бастап және әрі қарай* әкені жоғары сапалы (елгезек/қолдаушы) және айтарлықтай қатыстыру жүре бастаған сәбилерде

және балаларда кең ауқымды оң танымдық нәтижелерге, сонымен қоса, 12 айлығында және 3 жаста ақыл-ой дамуының жоғарырақ коэффициентіне алып келеді.

Балалардың табыстылығы әкелердің және аналардың үйдегі дамыту шараларына қатысуына байланысты. Аналар мен әкелер бір-бірімен сөйлескенде, балаға қарап сөйлегенде және оның жанында болғанда, жаңа сөздер, сонымен қатар, күрделі құрылымды сөйлемдер және қысқа, түсінікті сөйлемшелер қолдануға итермелей алады. Әлбетте, сауаттырақ әкелер, сауаттырақ аналар сияқты, баласын ерте жаста оқытуға жақсырақ әсер етеді. Бұл балаларды қарау үдерісіне әкелерді қатыстырудың тағы бір маңызды себебі: дәл аналар сияқты, тілдік дағдылары нашар немесе сауаты төмен әкелер де оқудың балаларына қаншалықты пайдалы екенін ұғынғанда, әрі қарай білім алуға ынталана алады.

Сіздерге, патронаж қызметкерлері ретінде, әкелер мен аналардың ата-аналық міндеттерін орындау *мәнеріне* назар аудару қажет. Ата-ананың екеуінің де өз ата-аналық міндеттерін орындау мәнері сәбидің және одан үлкенірек баланың аман-саулығына ғана емес, оның танымдық дамуына да әсер етеді. Зерттелген афро-американдық отбасылар іріктелімінде ата-аналық міндеттерін орындау кезіндегі әкенің авторитарлық (яғни, қатал және өктемшіл) мәнері, ананың авторитарлық мәнеріне қарағанда, балаға әлдеқайда жағымсыз әсер еткен және тым жұпыны сөздік қорымен, балаларын тыңдауға және оларға кітап оқып беруге құлықтылығы аз болуымен байланысты болған.

*Әке және ана* тарапынан балаға деген ықыластың жоғары дәрежесі кіші жастағы балалардың «балаларға арналған мекемеге бару дайындығымен» байланысты. Әкелер мен аналардың ықыластылығын дамытудың оңтайлы жолы оларды сәби беретін белгілерге қалай жауап қайтаруды үйрету, әрі өте кішкентай балалармен сапалы қарым-қатынас орнату табылады.

Әкелерді де, аналарды да үйрету, сонымен қатар, оларды дамуында бөгеліс байқалатын немесе ерекше қажеттіліктері бар сәбилерімен және балаларымен жүйелі түрде айналысуға итермелеу ерекше маңызды болуы және балалар мен әкелерге ғана емес, аналарға да пайдалы болуы мүмкін.

Ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі және мінез-құлқы қиын балалардың ата-аналарына арналған дәлелдік бағдарламадағы аналардың нәтижелерін бастапқы зерттеу көрсеткендей, аналардың қызметтер көрсету жүйесіне өз бетінше қатысу пайдалы болғанына қарамастан, бағдарламаға *баланың әкесімен* бірге қатысқан аналардың бағдарламаға қатысқаннан кейінгі жақсы нәтижелері айтарлықтай көрнекілеу болған. Бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың аналары душар болатын көтеріңкі стресс туралы айтатын зерттеу нәтижелері тұрғысынан ерекше мәнге ие.

## **В. ӘКЕЛЕР ТАРАПЫНАН БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫ АЗАЙТУ**

Балалар өлімінің себептерін ресми тексеру кезінде баланың жанында болған ер адам белгілі бір қауіп төндіргеніне қарамастан, ондай қауіп еленбей, ешбір шара қолданылмағаны сан мәрте анықталды. Егер тиісті ұйымдар ресурс ретінде қызмет ете алатын ер адамдармен байланыста болғанында және оларға құлақ асқанында, сол ер адамдардың баланың жағдайын түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін ақпаратқа ие болғанын білер еді.

Әрине, ер адамның мінез-құлқы қызба және озбыр болса, отбасы мүшелерінің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төнеді. Осындай қауіпті жою және оларды басқару осындай ер адамның жанындағы отбасы мүшелерінің қауіпсіздігі үшін ғана емес, осындай ер адамдар өзара әрекеттесетін немесе болашақта әрекеттесуі мүмкін өзге әйелдердің және балалардың қауіпсіздігі үшін де аса маңызды мәнге ие болады.

Балаларға қауіп төнетін отбасылардағы өзге ер адамдар балалар үшін ресурс қызметін атқара алады және кәсіби қолдау мен қадағалау болған жағдайда бұл тіпті кейбір шолжаң немесе қауіпті ер адамдарға да қатысты болуы мүмкін. Ер адамдарға көбінесе «қауіп» немесе «ресурс» таңбасы тағылады, ал шындығында олар екеуінің де жиынтығы болуы мүмкін.

Мәселе балаларды қорғауға келгенде ер адамдардың көпшілігі мамандардың санасына тек дағдарыс жағдайында ғана «баса-көктеп кіреді». *Ең басынан бастап* әкелермен жұмыс жасаудың (оны патронаж қызметкерлері керемет жүргізе алады) нәтижесі қауіп-қатерлерді жақсырақ бағалау және оларды басқару болуы әбден ықтимал, ал бұл, өз кезегінде, келтірілуі мүмкін залалды азайтады. Дағдарыс басталғанға дейін, ерте кезеңде әкелермен жұмыс жасауды бастау оларға ата-аналық міндеттерін орындаудың сәйкес мәнерін игеруге көмектесуді жеңілдетеді және дағдарыстардың алдын ала алады.

Оған қоса, әкелермен осылайша жұмыс жасау ер адамдардың байланысы бар отбасылық және өзге әлеуметтік желілерде балаларға қажетті ресурстарды анықтай алады. Тағы қоса кететін жайт, бар көңілді анаға бөлу және оған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігін толығымен арту әділетсіз, әрі тиімсіз әдіс болып табылады.

Қолда бар мәліметтерге сәйкес, кейбір ер адамдар үшін өзінің лайықсыз мінез-құлқының *салдары орын алуы және бар көңілді оның әке ретіндегі рөліне бөлу* оның өз мінез-құлқын өзгертудің аса күшті ынталандырушысы қызметін атқара алады. Зорлық-зомбылыққа жол беретін ер адамдарға өз әрекеттері үшін және әрекеттерінің

балаларына тигізетін әсері үшін жауапкершілікті толығымен арту бүкіл отбасы үшін жақсырақ нәтижелер береді.

Кейде балалардың мүддесі үшін олардың әкесімен мүлдем көріспеуі дұрыс, бірақ, мұндай шешім өте сирек жалғыз дұрыс шешім бола алады. Балалардың басым көпшілігі оны әзәзіл немесе мінсіз деп ойласа да, өзін оның жоқтығына кінәласа да, бәрібір ол туралы ойлайды және ұайымдайды. Отбасының әкемен айырылысуы онымен байланысты тоқтатуды білдірмейді. Оған қоса, зорлық көрсетуге бейім ер адам отбасынан кеткенде, әдетте ол 6-10 баласымен немесе өгей баласымен байланыста болуды жалғастырады.

Буффало қаласында, Нью-Йорк, АҚШ, жаңа туылған нәрестелердің аналары мен әкелері балаларды сілқу қауіпті екені туралы ақпараттандырылған және оларға балаларға қарау әдістері сипатталатын (мысалы, баланың үнемі жылай беру мәселесін қалай қауіпсіз шешу керек екені туралы) жазбаша материалдар, үйретуші плакаттар және бейнематериалдар берілген.

Қызметкерлерді даярлауға әкелерді балаға қарауға қатыстыруға итермелеу қажеттілігі кірді. Ауруханадан шыққанға дейін ата-аналар (96% аналар, 76% әкелер) ақпарат алғаны және оны түсінетіні расталатын «міндеттемеге» қол қойды.

Бес жыл бойғы зерттеу бойында балалар өмірінің алғашқы үш жылында зорлық көрсетумен байланысты бас жарақаттарының саны жартысына дейін дерлік қысқарған. Міндеттемеге қол қою білімді пысықтау тұрғысынан әлдеқайда тиімді болып шықты: 92%-ы осы туралы 7 ай өткен соң да есінде сақтаған; 98%-ы үнпарақтарды есінде сақтаған. Тек 23%-ы ғана бейнефильмді есінде сақтаған, бірақ, бейнефильм қатысушылардың барлығына бірдей көрсетілмеген болуы керек.

#### IV. ӘКЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІРДІҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН КӨРІНІСІ



Көптеген патронаж қызметкерлері үшін, сонымен қатар, олар жұмыс жасайтын аналар мен әкелер үшін аналар «алтын стандарт» болып табылады, аталмыш стандартпен әдетте әкелерді салыстырады, ал әкелер оған сай келе бермейді. Қоғамда әкелерге бала күтім көрсетуді қамтамасыз ететін адамдар тұрғысынан жалған, жағымсыз пікірлер кең таралған және осындай пікірлер негізінен күмәнді болып келеді. Мысалы, әкелер «табиғатынан» сәбилерге және кішкентай балаларға қарауға дәл аналар сияқты дайын емес деген пікір қалыптасқан.

Іргелі зерттеулер сәбилерге ықыласпен қарау (шолып шығу үшін Lamb et al, 1987 қараңыз) немесе жақын күтім көрсету қабілеті (шолып шығу үшін Parke, 2008 қараңыз) тұрғысынан жыныстар арасында биологиялық тұрғыдан негізделген айырмашылықтар тапқан жоқ. «Қамқорлық гормондарының» деңгейлері балалары туылғанға дейін (Storey et al, 2000) және олармен әрі қарайғы қарым-қатынаста (Feldman et al, 2010) «сәбилік ынталандырушылардың» әсеріне шалдыққан ерлерде және әйелдерде бірдей болып табылады. Әкелердің елгезектігі сәбилері үшін қамқорлық жауапкершілігін өз мойнына қаншалықты дәрежеде алатынына қарай әртүрлі болуы мүмкін деп есептеледі.

Патронаж қызметкерлері тек аналарды ғана «табиғи» тәрбиелеушілер деп санай отырып, аналармен және әкелермен байланысқа шыққанда, ерлер үшін бала күтіміне қатысуға кедергі келтіріп қана қоймай, бала күтімі үшін бар жауапкершілікті аналарға ғана жүктейді. Жасөспірім аналармен жұмыс жасайтын және олардың бала тәрбиелеу қабілетін жалпы «жақсы» деп бағалайтын мейірбикелер әкелердің дәл осындай қабілетін, тіпті олармен кездеспей-ақ, «нашар» деп бағалаған. Ал патронаж қызметкерлері және өзге мамандар әдетте әкелердің мінез-құлқын және ниеттерін, егер есіне түсіп жатса, аналардыкімен салыстырғанда, жағымсыз деп түсінеді.

Егер жекелеген патронаж қызметкері немесе патронаж қызметкерлерінің тобы әкенің бала күтуші ретіндегі қабілеттерін дамытқысы келсе, ең алдымен өз әкесімен (өз әкесімен/әке рөін атқарғандармен, балаларының әкесімен) өмір сүру тәжірибесі туралы ойланып, сол тәжірибе жұмысына әсер етпей ме, әсер етсе, қалай деген сияқты сұрақтарға жауап беру керек. Содан соң, жергілікті мәдениетте қалыптасып кеткен теріс пікірлерді «жарыққа шығару» және мүмкіндігінше, топ құрамында бірлесіп саралау маңызды.



**Ойлаңыз және ойланыңыз:** осы тарауда ер адамдарға/әкелерге қатысты кейбір теріс пікірлер туралы ойланыңыз және басқаларын анықтаңыз. Егер сөйлемді «Ерлер...» немесе «Әкелер үнемі...» деген сөздермен бастасаңыз, сондай пікірлер туындайды. Солардың ішінен «таныс болып көрінетінін» алып, сол туралы мұқият ойланыңыз. Ол дұрыс па? *Барлық* ер адамдарға немесе әкелерге қатысты дұрыс па? Қандай *дәлелдерге* сүйене отырып, осындай пікірді ұстанасыз? Осы пікірге сенгенде, өзіңізді қалай ұстайсыз? Оған сенбесеңіз, өзіңізді қалай ұстар едіңіз?

«Мен осы жаттығуды орындап жатқанда, келесі пікірді қарастырдым: *Ер адам әйел адамның көмегінсіз балаларға қарай алмайды.* Оны біресе жөнсіз деп санасам, біресе өзім еріп кеттім. Мен отбасына бірдеңе айту керек болғанда, үнемі анамен сөйлесуге тырысатынымын, ал балаларға күйеуім қарағанда, оған үнемі тізімдер жасап беретінмін. Балаларымның әкесімен өте нашар қарым-қатынаста болдым (біз айырылыстық). Балалар әкесінің үйінен қайтып оралғанда, олардан барлығын сұрастырып, айтқандарының барлығы балаға ата-ана ретінде күтім көрсетудегі біліксіздігінің дәлелі ретінде қарадым. Жақсы жақтарын шетке ысырып тастайтынмын. Негізінде, ол - жақсы адам. Ол жай ғана кейбір істерді басқаша жасайды». *Патронаж қызметкері, Квинсленд штаты, Австралия.*

## V. ОТБАСЫЛАРДА ӘКЕЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕГІ СІЗДІҢ РӨЛІҢІЗ



«Ата-аналар - барлығының көз алдында. Біз қоғамда және жұмыс орнында әйелдерге ана ретінде қараймыз, олар уақытын басқа аналармен өткізеді, әрі балалар тәрбиесін басқа әйелдермен талқылайды. Әке міндеттерін орындау – оның жеке ісі. Шын мәнінде, бізге әкелердің көпшілігі өз әкелік міндеттерін қалай орындайтыны беймәлім».

Отбасы сенім артатын және кездесуге жиі келіп тұратын кәсіби маман ретінде сіз отбасыларға ақпарат бересіз және қолдау көрсетесіз – бұл ретте, ақпаратты әкелерге де, аналарға да мүмкіндік болса, бетпе-бет кездесу немесе өзге жолдармен тікелей

байланысқа шығу арқылы беру маңызды.

Әкелермен тиімді жұмыс жасау үшін ер адам болу міндетті емес. Әкелердің көпшілігі әйелдермен – медицина саласындағы мамандармен қуана жұмыс жасайды, ал кейбірі тіпті соны қалайды. Бұл ретте, кәсіпқойлық және сенімділік, мықты қасиеттерді пайдалануға негізделген әдістеме, белсенді тыңдай білу, әкелердің армандары мен талпыныстарын түсіне білу, қолдан келгенше қолдау көрсету және қажет болғанда, жұмыс бағыттарын тиімді анықтау маңызды. Осылар - патронаж қызметкерлеріне аналармен жақсы жұмыс жасауға мүмкіндік беретін дағдылар және әдістемелер.

Тең қолдау және тәжірибе кезінде ерлер мен әйелдер бала күтімі дағдыларын бірдей жылдамдықпен игеретіндіктен және *бала күтімі* ерлерде ұзақмерзімді келешекте қамқорлық және бауыр басу сезімдерін қалыптастыруға септесетін гормоналдық және ми өзгерістерін тудыратындықтан, осы білім сізге ерекше жауапкершілік артады.

Әкелермен қалай байланыс орнататыныңыз және гендерлік рөлдерді аналарға да, әкелерге де қалай түсіндіретініңіз олардың қысқамерзімді және ұзақмерзімді келешекте өз рөлдерін атқаруына айтарлықтай әсер ететін болады: жақында құрылған отбасыларда балаға күтім көрсету модельдері ерте сатыларда қалыптастырылады және сақталу үрдісіне ие. Сізде осы мәселелерде жұптарға көмектесу «сіздің шаруаңыз емес» деген ой тууы мүмкін. Бірақ, *жіктемелі* гендерлік рөлдерге әлеуметтік, институционалдық және мәдени қолдау күшті болғаны соншалық және отбасылар атқарылатын гендерлік рөлдер *ұқсастау* болғанда жақсырақ орындайтындықтан, сіз осыған септесу үшін қолыңыздан келгеннің барлығын жасау міндетіңіз деп санауыңыз мүмкін.

Алғаш рет әке атанған және үйге барып қарау кезінде патронаж қызметкерімен ***екі-ақ рет*** сөйлескен 162 ер адамның қатысуымен жүргізілген зерттеу 8 айдан кейін олардың ата-аналық міндеттерін орындау саласындағы біліктілігі артқанын көрсетті. Осы кездейсоқ бақыланатын зерттеудегі бейнематериалдар көру арқылы өз бетінше модель құруды пайдаланумен қарқындырақ араласу шарасына қатысқан бір топ (81 әке), бақылау тобына қарағанда, сәбилерінің танымдық дамуына септесуде айтарлықтай жақсырақ дағдылары болған және бақылау тобымен салыстырғанда, балақайлары беретін белгілеріне сезімталдығын сақтаған.



## VI. ӘКЕЛЕРДІ ҚАТЫСТЫРУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Осы тарауда біз әкелерді «табалдырықтан аттауға» итермелеуге көмектесуі мүмкін кейбір кең таралған стратегияларды қарастырамыз. Жекелеген патронаж қызметкерлері жеке жұмыс әдісін өзгерте отырып, жекелеген отбасыларға орасан зор әсер ете алуы мүмкін, ал әдеттегі жұмысы аясында біршама әкелермен кездескісі және ортақ жұмысқа қатыстырғысы келсе, «ұжымдық әдістеме» қажет.



Бірінші ойланатын жай – «алғашқы байланыс». Әкелер патронаж қызметкерімен кездесуге нақты шақырту ала ма? Жұмыс істейтін әкелерге сізбен кездесе алатын мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалану үшін кездесу алдын-ала келісіле ме? Әкелер туралы мәлімет жинала ма және жүйеге енгізіле ме? (кейде бұл қағаз формулярларды немесе электронды мәліметтер жинау жүйесін өзгертуді білдіреді)

**Грентам қаласында, Линконшир графтығы, Ұлыбритания (2009),** екі патронаж мейірбикесі салыстырмалы зерттеу жүргізген, яғни, біріншісі бала туылғаннан кейін бірінші рет бару туралы стандартты хатты пайдалануды жалғастырған («Құрметті ата-аналар»), ал екіншісі әкені ескеретін жаңа нұсқаны пайдаланған (Құрметті жас ана және әке»). Стандартты хатты алғаннан кейін патронаж мейірбикесімен 15 әкенің 3-і кездескен. Әке ескерілген хат 16 әкенің 11-ін кездесуге келтірген.

Ата-аналар патронаж қызметінен алатын хаттарда «әке» сөзі қолданыла ма? «Ата-ана» сөзі «ана» мағынасында жиі қолданылатыны соншалық, «ата-ана» сөзі қызметкерлерге немесе отбасыларына әкелердің қатысуы дұрыс екенін немесе оның қатысуына қызығушылық білдіретінін айқын түсіндірмейді. Дәл осылайша, «отбасы» сөзін мамандар мен ата-атаналар көбінесе «ана мен бала» деп түсінеді. Ұлыбританияда мамандардың бүкіл отбасымен жұмыс жасауын кепілдендіруі тиіс «Отбасы туралы ойлайық» атты мемлекеттік бастама әкелермен байланысқа тигізген әсері болмашы болғандықтан, «Әкелер туралы ойлайық» атты жаңа бастама қажет болған.

Негізі әкелерге патронаж қызметімен жұмыс жасауға қатысуға «рұқсат беру» керек. Бұл оларды жұмысқа көбірек араласу үшін аналарға қарағанда «итермелеу» керек дегенді білдіруі мүмкін: әр осындай «итеруді» олар шақыру ретінде қарастыруы мүмкін және олар өздерін жақсы қабылдайтыны түсінікті болғанға дейін осындай бірнеше әрекет қажет болуы мүмкін.

**Үйге барып қарауды ұйымдастыру:** Үйге барып қарауды ата-ананың екеуімен де ыңғайлы уақытқа алдын-ала келісіп алу керек. Міндетті түрде анықтаңыз: әке балаға күтім көрсету демалысына шыққан ба? Кез-келген хат ата-ананың екеуіне де арналуы және келу кезінде не болатынын түсіндіріуі тиіс. Хатта «сіздің патронаж қызметкеріңіз ...» немесе «отбасыңызға арналған патронаж қызметі» деп жазылуы және келгенде, не істейтініңіз туралы айтылуы тиіс: баланың салмағын өлшейсіз, емізу, күнделікті істер және әкенің рөлі туралы сөйлесесіз. Егер бірінші рет телефон арқылы сөйлессеңіз, әдістеме дәл осындай болуы тиіс. Егер қоңырау шалғанда, тұтқаны әке көтерсе, онымен аздап сөйлесуге дайын болыңыз және тұтқаны бірден анаға беруді сұрамаңыз. Екеуі де бала үшін маңызды болғандықтан, екеуімен де кездескіңіз келетінін жұмсақ түсіндіріңіз. Егер сіздегі мәліметтер бойынша ата-ана бірге тұрмаса, дәл осылай істеу керек: осы сатыда барлық дерлік әкелер мен аналар қандай да болмасын қарым-қатынаста болады, ал егер қарым-қатынастары тұрақсыздау болса, сұрап білу ерекше пайдалы.

Үнпарақтарыңызда және веб-сайтта әкелердің фотосуреттері бар ма? Егер отбасылар мекемеңізге келсе, ондағы орта әкелерге лайық па? Мысалы, олар ер адамдардың көңіл жадыратар суреттерін және олардың бала тәрбиесіндегі рөлін мойындайтын ақпаратты көре ала ма? Қашан жұмыс істей бастайсыз? Жұмыс істейтін әкелер мен аналар үшін демалыс күндері қандай да бір шаралар ұсынасыз ба?

Әкелермен ұжымның барлық мүшелері жұмыс жасайды деп күтіледі, басшылар осы мәселені көтере ме және жиналыстарда жүйелі қарала ма? Біліктілік талаптарында патронаж қызметкерлері аналармен жұмыс жасаған сияқты, әкелермен де жұмыс жасай білуі тиіс екені көрсетіле ме? Мекеменің барлық қызметкерлері әкелердің рөлін және тигізетін әсерін түсіну үшін дайындықтан өткен бе? «Қауіп төндіретін» болып көрінетін әкелермен жұмыс жасауға мәжбүр қызметкерлердің өз қауіпсіздігіне алаңдауы мойындала ма және осы мәселе шешіле ме?

Қызметкердің жұмыс жүктемесі бастапқыда ата-ананың екеуімен де жұмыс жасауға жеткілікті уақыты болатындай етін белгілене ме? Алдымен осыған уақыт көбірек керек болса, мәселелер ерте сатыда анықталатын болса, кейінірек жұмыс көлемін қысқартуға болады.

## VII. ӘКЕЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Зерттеу нәтижелері «ең бастысы – оң көзқарас» екенін көрсетеді, ал егер сіз әлі оң көзқараста болмасаңыз, онда осы модульде әкелермен жұмыс жасаудан қуана қобалжу сезіміне бөлену үшін жеткілікті ақпарат және ойлануға мүмкіндік алдыңыз деп үміттенеміз.

Егер сіз оң көзқараста және жақсы ақпараттандырылған болсаңыз, қалғаны өздігінен орнына келеді, әрі оған айтарлықтай өзгерістер қажет болмайды. Мысалы, үйге барып қарау кезінде, егер сіз бірлескен жұмысқа ананы ғана емес, әкені де қатыстыру маңыздылығын шын мәнінде сезсеңіз, ешқашан дәлізде оның жанынан өтіп кетпейсіз немесе «баланың анасымен сөйлесіп алайын» деп, есікті тарс жаппаймыз. Сізге отбасында болып жатқан өзгерістердің және жағдайлардың толығырақ көрінісін көруге көмектесетінін түсіне отырып, әкенің пікірін қатты білгіңіз келеді.



Сізге сыпайы болу керек. Сізге олардың (ананың және **әкенің**) кеңістігінде екеніңізді мойындау қажет. Ең дұрысы – отбасына келгенге дейін әкенің аты-жөнін біліп алу, бірақ, аты-жөнін білмесеңіз, өзінен сұрау керек. Ақ пейілді көріну және ата-ананың екеуімен де көзбе-көз байланыс орнатуға тырысу керек. Оларды «әке» және «ана» деп атаудың қажеті жоқ, себебі, оларға бала сияқты қарайтын және көбінесе есімдерін есіңізге түсіре алмайтын болып көрінесіз.

Оның орнына әдеп ережелеріне сәйкес, өздері ұсынса, есімдерімен атау керек. Егер әке бөлмеден шығып кеткісі келетінін айта берсе, оны кері қайтару мүмкіндігін табу керек: «Х мырза, қазір біз емізу туралы әңгімелесетін боламыз. Әкелер жақсы емізу үшін өте маңызды. Бір минутқа қайтып келгіңіз келмей ме?»

Әкеге қойылатын сұрақтарды ойда сақтау қажет. Сіз оны тергеуге алмайсыз, бірақ, бірекі сұрақ қоя аласыз. Босану сіз үшін қалай өтті? Үйдегі нәрестеге қалай үйреністіңіз? Сіздің ойыңызша, әйеліңіз қалай бейімделіп келеді? Өміріңізде не өзгерді? Ақылы жұмысты немесе оқуды қалай бірге алып жүресіз?

Оған сұрақ қою мүмкіндігін беріңіз. Жұптың сізге айтатындарын мұқият тыңдаңыз және жетістіктеріне қолдау білдіріп отырыңыз. «Айтқандарыңызға қарағанда, жақсы үлгеріп жатқан сияқтысыздар». «Сіздер – жақсы командасыздар». «Х мырза, баланы өте жайлы ұстайтын сияқтысыз». Жалпы сұрақ қойған соң, ата-ананың алдымен біреуіне, содан соң, екіншісіне қарау керек. Олардың ерлер мен әйелдердің бала күтіміне қатысты сәйкес қабілеттері туралы дәстүрлі пікірлеріне күмән келтіретін мүмкіндіктер іздеу керек.

Босанудан кейінгі психикалық денсаулықпен байланысты мәселелерді шеше отырып, «жабырқаңқы көңіл-күйде» болу туралы **екеуімен бір мезетте** сөйлесіңіз. Әкелер әйел адамның және *керісінше*, ананың ер адамның өзін қалай сезінетінін және жағдайын қалай реттейтінін жақсы байқай алатынын түсіндіріңіз. Бала туған ананың «әдеттегі» эмоциялық мінез-құлқы қандай болатынын суреттеңіз. Әкелер де «қатты қиналатынын» айта кетіңіз. Екеуімен де қалай ұйықтайтындарын талқылаңыз: кезек-кезекпен «жата тұра» ала ма? Әкенің балаға өз бетінше қарауға қандай мүмкіндіктер бар? (Қосымша ақпаратты «Ата-ана аман-саулығы» модулінен қараңыз).

Дәл осылайша, емізуді *екеуімен* де талқылаңыз. Әкелердің көпшілігі емізудің әйтеуір жақсы екенін біледі, бірақ, көптеген артықшылықтарын атай алмайды. Оларды сіз атап, әкенің маңызды рөлін ерекше атап өте аласыз: әйелін тамақтандыру және қамқор болу, оның әбігерленбеуін және ағзасы сусызданбауын қамтамасыз ету. Әкеге баланы дұрыс күйде «бекітіп», қалай жатқызу керек екенін көрсетіңіз. Баламен жақын байланыс орнатудың тамақтандырумен байланысы жоқ көптеген әдіс-тәсілдері туралы, әрі, егер олар сұрап жатса, сүттің ағынын сақтай отырып, қалай сауып алу туралы екеуімен де сөйлесіңіз.

Әкелерді *белсенді* қатыстыру аса құнды болуы мүмкін, мысалы, денені қарап шығу, массаж жасау, жаңа туған нәрестені шомылдыру кезінде. Емізу кезінде дұрыс отыруды «сезіну» үшін оған әйелінің артқы жағына тұрып, баласын да, ананы да бірге құшақтап, қолын баланың басына қоюды ұсынуға болады. Өте кішкентай сәбилерге қалай қарау керек екенін көрсетіңіз және өздері істеп көру мүмкіндігін беріңіз...

Жақсы жоспарланған кездейсоқ бақыланатын сынақта жаңа туылған нәрестелердің мінез-құлқын бағалаудың Бразелтон шәкілі бойынша 2-3 күн толған сәбилерін бағалауды бақылаған әкелер 4 аптадан кейін сол сәбилерімен айтарлықтай жоғарырақ сапалы әрекеттестік көрсеткен (Beal, 1989).  
(Бұл шәкіл жаңа туылған нәрестелердің керемет дағдылары мен сезімталдығын көрсетеді және жаңа туылған балаға ата-анасының бауыр басуын арттыра алады).

Бәлкім, сіз белгілі бір уақытта анамен, әсіресе, егер оның қауіпсіздігіне немесе аман-саулығына қатысты алаңдаушылық пайда болса, біраз уақыт өткізгіңіз келетін шығар. Әкелер барлық бірдей кездесуге қатыса алмайтын шығар, сондық, бұл еш қиындық тудырмауы тиіс.

Есіңізде болсын, ара-тұра олардың *әрқайсысымен* жеке кездесу өткізген пайдалы болуы мүмкін: әкелер де, аналар сияқты, сізбен оңаша қалғанда, қандай да бір мәселелерге қатысты алаңдаушылығын жеткізе алатынын сезуі мүмкін. Егер әке үнемі қатысатын болса: «Ал енді әрқайсысыңызбен бөлек-бөлек сөйлесуім керек» деуге болады.

Кетерде, ата-аналардың көздеріне достық пейілмен қараңыз/әрқайсысының қолын қысыңыз. Егер осы сәтте әке үйде болса, бірақ, бөлмеде жоқ болса, қоштасу үшін оны көріп қалуға тырысыңыз.

Әкеде сізбен байланыс мәліметтері бар екеніне көз жеткізіңіз және сізге сұрақтарымен немесе мәселелерімен екеуі де хабарласа алатынын тағы бір рет айтыңыз. Егер әке кездесу барысында мүлдем үйде болмаса, анамен осы туралы және әке де қатыса алатын кездесу ұйымдастыру туралы сөйлесіңіз.

# ҚОСЫМШАЛАР

## 1-ТАРАУҒА

### Өзін-өзі бағалау - ДҰРЫС/БҰРЫС

Келесі сұрақтарға дұрыс/бұрыс деп жауап беріңіз:

1.	Патронаж қызметкерлеріне әкелермен жұмыс істеудің қажеті жоқ	ДҰРЫС/БҰРЫС
2.	Босанудан кейінгі әкелердің депрессиясы балаларға болмашы ұзақерзімді әсер етеді	ДҰРЫС/БҰРЫС
3.	Әкелері белсенді қамқорлық көрсететін жаңа туылған нәрестелер тезірек жетіледі	ДҰРЫС/БҰРЫС
4.	Балаларға қамқорлық көрсетуге әкелерді қатыстырмау балалардың құқықтарын бұзады	ДҰРЫС/БҰРЫС

## 2-ТААРУҒА

### Өзін-өзі бағалау - ДҰРЫС/БҰРЫС

Келесі сұрақтарға дұрыс/бұрыс деп жауап беріңіз:

1.	Ер адамдар баланы көтергенде/күтім көрсеткенде, жүкті, емізетін және асырап алған аналарда ұлғаятын гормондардың (кортизол, пролактин, окситоцин) күрт артуы байқалады	ДҰРЫС/БҰРЫС
2.	Әкенің мінез-құлқы ана мен бала арасында берік бауыр басудың дамуына әсер етпейді	ДҰРЫС/БҰРЫС
3.	Жасөспірім анаға баласының әкесінің қарым-қатынасы ерекше әсер етпейді, себебі, жасөспірім аналардың көпшілігінің әдетте ер азаматарымен тұрақты қарым-қатынастары жоқ	ДҰРЫС/БҰРЫС

### **Өзін-өзі бағалау - ДҰРЫС/БҰРЫС**

Келесі сұрақтарға дұрыс/бұрыс деп жауап беріңіз:

1.	Әкелері күтім көрсетуге атсалысатын сәбилердің ақыл-ойының даму коэффициенті (IQ) жоғарырақ болады	ДҰРЫС/БҰРЫС
2.	Әкелердің ата-аналық міндеттерін орындау <i>мәнері</i> баланың танымдық дамуына әсер етеді	ДҰРЫС/БҰРЫС
3.	Есерсоқ әкені үйінен шығарып тастап, ол туралы әрі қарай мүлдем ойламауға да болады	ДҰРЫС/БҰРЫС

### **4-ТАРАУҒА**

#### **Өзін-өзі бағалау - ДҰРЫС/БҰРЫС**

Келесі сұрақтарға дұрыс/бұрыс деп жауап беріңіз:

1.	Ер адамдар дәл әйел адамдар сияқты мінез-құлқын оңай өзгерте алмайды	ДҰРЫС/БҰРЫС
2.	Ер адамдар дәл әйел адамдар сияқты бір уақытта бірнеше істі жасқа атқара алмайды	ДҰРЫС/БҰРЫС
3.	Әкелер аналарға қарағанда, балаларға азырақ әсер етеді	ДҰРЫС/БҰРЫС

### **5-ТАРАУҒА**

#### **Өзін-өзі бағалау – бір-бес аралығындағы шәкіл бойынша . . .**

1-5 шәкілі бойынша (1 – КЕЛІСПЕЙМІН, ал 5 – КЕЛІСЕМІН) келтірілген әр пікірге қатысты реакцияңызды басқасынан жақсырақ сипаттайтын санды шеңбермен қоршаңыз

1.	Менің отбасыларға қатысты қолданатым әдісім болып жатқан жайттарға еш әсерін тигізбейді: одан өзге тым көп күштер бар	1	2	3	4	5
2.	Мен жұмыс жасайтын отбасыларда аналар бала күтіміне қатысты міндеттерің басым көпшілігін атқарады. Баланың әкесін осы жұмысқа қатыстыру жағдайды қиындатуы мүмкін. Ал егер ата-ана келіспесе ше?	1	2	3	4	5
3.	Мен – әйелмін, сондықтан, әкелермен тиімді жұмыс жасай алмаймын, ұжымымызға ер адам қосу керек.	1	2	3	4	5
4.	Шын мәнінде мен ер адамдарды ұнатпаймын және оларға сенбеймін. Бұл жұмысты басқа біреу орындаса, жақсырақ болар еді.	1	2	3	4	5

## **6-ТАРАУҒА**

### **Өзін-өзі бағалау: әкелерді табалдырықтан қалай аттату керек**

Бала туылғаннан кейін алғаш үйге барып қарау кездерінде көбірек әкелермен кездесуге көмектесу үшін басшыңыз/мекемеңіз қабылдай алатын төрт стратегия ұсыныңыз:

1.	
2.	
3.	
4.	



	<b>АЛҒАШ БАРЫП ҚАРАУ КЕЗІНДЕ КӨБІРЕК ӘКЕЛЕРМЕН ҚАЛАЙ КЕЗДЕСУГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ИДЕЯЛАР</b>	<b>ОСЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГУЗІГЕ КІМ КӨМЕКТЕСЕ АЛАР ЕДІ</b>
1.		
2.		
3.		
4.		

## **7-ТАРАУҒА**

### **Өзін-өзі бағалау: әкелерді барлығы «көретінін» және мойындайтынын сезінуге қалай көмектесуге болады**

Әкелерді ата-ана ретінде бағалайтыныңызды және құрметтейтініңізді сезінуге көмектесу үшін өзіңіз қолдана алатын төрт әдістеме ұсыныңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	

## БИБЛИОГРАФИЯ

Bakermans-Kranenburg, M.J., van Ijzendoorn, M.H., and Juffer, F. (2003). Less is more: Meta-analyses of sensitivity and attachment interventions in early childhood. *Psychological Bulletin*, 129, 195–215

Barker, G., Contreras, J.M., Heilman, B., Singh, A.K., Verma, R.K., and Nascimento, M. (2011) *Evolving Men: Initial Results from the International Men and Gender Equality Survey (IMAGES)*. Washington, D.C.: International Center for Research on Women (ICRW) and Rio de Janeiro: Instituto Promundo.

Brandon, M., Bailey, S., Belderson, P., Gardener, R., Sidebotham, P., Dodsworth, J., Warren, C., & Black, J. (2009). *Understanding Serious Case Reviews and their Impact: a biennial analysis of Serious Case Reviews 2005-07*. Research Report DCSF-RR129. London: DCSF

Burgess, A. (2009). *Fathers and parenting interventions: What works?* Abergavenny: Fatherhood Institute.

Chang, J.J., Halpern, C.T., & Kaufman, J.S. (2007). Maternal depressive symptoms, father's involvement, and the trajectories of child problem behaviors in a US National Sample. *Archives of Pediatrics & Adolescent Medicine*, 161, 697-703.

Cowan, C.P., and Cowan, P.A. (2000). *When Partners Become Parents*. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Assoc.

Eiden, R.D., Edwards, E.P., and Leonard, K.E., 2002. Mother-infant and father-infant attachment among families with alcoholic fathers. *Development and Psychopathology*, 14(2), pp.253-278

Engle, P., Beardshaw, T., and Loftin, C. (2006). The child's right to shared parenting. In L. Richter and R. Morell (eds.), *Baba: men and fatherhood in South Africa*. Cape Town: HSRC Press.

Featherstone, B., Rivett, M., and Scourfield, J. (2007). *Working with Men in Health and Social Care*. London: Sage.

Feinberg, M.E., and Kan, M.L. (2008). Establishing family foundations: Intervention effects on coparenting, parent/infant well-being, and parent-child relations. *Journal of Family Psychology*, 22, 253–263.

Feldman, R., Bamberger, E., and Kanat-Maymon, Y. (2013). Parent-specific reciprocity from infancy to adolescence shapes children's social competence and dialogical skills. *Attachment & Human Development*, 15, 407–423.

Fivaz-Depeursinge, E., and Corboz-Warnery, A. (1999). *The primary triangle: A developmental systems view of mothers, fathers and infants*. New York: Basic Books.

Flouri, E. (2005). *Fathering & child outcomes*. Chichester, West Sussex: John Wiley & Sons

Gettler, L.T., Feranil, A., McDade, T.W. and Kuzawa, C.W. (2011). Longitudinal evidence that fatherhood decreases testosterone in human males. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 108(29), 16194-16199

Gray, P., and Anderson, K.G. (2010). *Fatherhood: Evolution and Human Paternal Behavior*. Cambridge, MA: Harvard University Press.

Grossman, K., Grossman, K.E., Fremmer-Bombik, E., Kindler, H., Scheurer-English, H., and Zimmermann, P. (2002). The uniqueness of the child-father attachment relationship:

Fathers' sensitive and challenging play as a pivotal variable in a 16-year long study. *Social Development*, 11, 307–331.

Hawkins, A., and Dollahite, D. (1997). *Generative fathering: Beyond deficit perspectives*. Thousand Oaks, CA: Sage Publications.

Hewlett, B. (2011). *Father-child relations: Cultural and biosocial contexts*. New Brunswick, NJ: AldineTransaction.

Johansson, E-A. (2010). *The effect of own and spousal parental leave on earnings*. Working Paper 2010:4. Uppsala, Sweden: Institute of Labour Market Policy Evaluation

Lamb, M.E., and Lewis, C. (2013). Father-child relationships. In N. Cabrera, & C.S. Tamis-Lemonda (Eds.), *Handbook of father involvement: Multidisciplinary perspectives* (pp. 119–134). New York: Routledge.

Lundahl, B.W., Tollefson, D., Risser, H., and Lovejoy, M.C. (2008). A meta-analysis of father involvement in parent training. *Research on Social Work Practice*, 18, 97–106.

Lupton, D., and Barclay, L. (1997). *Constructing Fatherhood: discourses and experiences*. London: Sage Publications.

Magill-Evans, J., Harrison, M.J., Benzies, K., Gierl, M., and Kimak, C. (2007). Effects of parenting education on first-time father's skills in interactions with their infants.

*Fathering*, 5, 42–57.

Maxwell, N., Scourfield, J., Featherstone, B., Holland, S., and Tolman, R. (2012). Engaging fathers in child welfare services: A narrative review of recent research evidence. *Child & Family Social Work*, 17, 160–169.

Martin, A., Ryan, R., and Brooks-Gunn, J. (2007). The joint influence of mother and father parenting on child cognitive outcomes at age 5. *Early Childhood Research Quarterly*, 22, 423–439.

Martin, L.T., McNamara, M.J., Milot, A.S., Halle, T., and Hair, E.C. (2007). The effects of father involvement during pregnancy on receipt of prenatal care and maternal smoking. *Maternal and Child Health Journal*, 11(6) 595-602.

Newland, L.A., Freeman, H.S., and Coyl, D.D. (2011). *Emerging Topics on Father Attachment: considerations in theory, context and development*. London: Routledge.

Panter-Brick, C., Burgess, A., Eggeman, M., McAllister, F., Pruett, K., and Leckman, J.F. (2014). Practitioner Review: Engaging fathers – recommendations for a game change in parenting interventions based on a systematic review of the global evidence. *Journal of Child Psychiatry and Psychology*, 55(11):1187-212.

Pattnaik, J., and Sriram, R. (2010). Father/Male involvement in the care and education of children: History, trends, research, policies, and programs around the world. *Childhood Education*, 86, 354–359.

Phares, V., Rojas, A., Thurston, I.B., and Hankinson, J.C. (2010). Including fathers in clinical interventions for children and adolescents. In M.E. Lamb (Ed.), *The Role Of The Father In Child Development*. (pp. 459–485). Hoboken, NJ: John Wiley & Sons.

Pleck, J., and Masciadrelli, B. (2004). Paternal involvement by U.S. residential fathers: Levels, sources, and consequences. In M.E. Lamb (Ed.), *The Role Of The Father In Child Development* (pp. 222–271). Hoboken, NJ: John Wiley & Sons.

Ramchandani, P.G., Domoney, J., Sethna, V., Psychogiou, L., Vlachos, H., and Murray, L. (2013). Do early father-infant interactions predict the onset of externalising behaviours in young children? Findings from a longitudinal cohort study. *Journal of Child Psychology and Psychiatry*, 54, 56–64.

Sarkadi, A., Kristiansson, R., Oberklaid, F., and Bremberg, S. (2008). Fathers' involvement and children's developmental outcomes: a systematic review of longitudinal studies. *Acta Paediatrica* 97 (2), 153–158.

Scholz, K., & Samuels, C.A. (1992). Neonatal bathing and massage intervention with fathers, behavioural effects 12 weeks after birth of the first baby: The Sunraysia Australia Intervention Project. *International Journal of Behavioral Development*, 15, 67–81.

Shwalb, D.W., Shwalb, B.J., & Lamb, M.E. (2013). *Fathers in cultural context*. New York: Routledge.

Stanley, N., Graham-Kevan, N., & Borthwick, R. (2012). Fathers and domestic violence: Building motivation for change through perpetrator programmes. *Child Abuse Review*, 21, 264–274.

Tamis-LeMonda, C.S., Cabrera, N.J. and Baumwell, L. (2013). Fathers' role in children's language development. In Natasha J. Cabrera and Catherine S. Tamis-LeMonda, *Handbook of Father Involvement: multidisciplinary perspectives*, 2<sup>nd</sup> ed. New York: Routledge.

Zanoni, L., Warburton, W., Bussey, K. and McMaugh, A. (2013). Fathers as 'core business' in child welfare practice and research: an interdisciplinary review. *Children and Youth Services Review*, 35, 1055–1070.

## АВТОРЛАР



Жетекші автор

- Адриенн Берджес
- Зерттеу жұмысының басшысы және жетекшісі
- Әкелік институты, Ұлыбритания